

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК**

**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА
АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ**

МАЗМҰНЫ

БАСШЫЛЫҚТЫҢ 2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУҒА ЖӘНЕ БЕКІТУГЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ	3-4
ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ	5-16
2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК:	
Пайда немесе шығын туралы шоғырландырылған есеп	17-18
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	19
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	20-21
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	22-24
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	25-27
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер	28-210

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

БАСШЫЛЫҚТЫҢ 2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУҒА ЖӘНЕ БЕКІТУГЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

Басшылық Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – «ҚҰБ» немесе «Ұлттық Банк») және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі ҚҰБ мен оның еншілес ұйымдары бірге – «Топ») 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күні аяқталған жыл үшін оның қызметінің нәтижелерін, ақша қаражатының қозғалысын және меншікті капиталдағы өзгерістерді көрсететін шоғырландырылған қаржылық есептілікті шоғырландырылған қаржылық есептілікке 2-ескертпеде сипатталған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидаттарына (бұдан әрі – «қаржылық есептілікті жасаудың негізгі қағидаттары») сәйкес дайындауға жауап береді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау кезінде Басшылық:

- есеп саясатының қағидаттарын дұрыс таңдауды және қолдануды қамтамасыз ету;

- ақпаратты, оның ішінде есеп саясаты туралы деректерді осындай ақпараттың орындылығын, шынайылығын, салыстырмалылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда ұсыну;

- Топ өз қызметін таяу болашақта жалғастыратын болады дей отырып, шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін жауапты болады.

Басшылық:

- Ұлттық Банктегі ішкі бақылаудың тиімді әрі сенімді жүйесін әзірлеу, ендіру және қолдау көрсету;

- Ұлттық Банктің шоғырландырылған қаржылық жағдайы туралы ақпаратты қажетті күнге жеткілікті дәрежедегі дәлдікпен дайындауға және Ұлттық Банктің шоғырландырылған қаржылық есептілігінің шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасаудың негізгі қағидаттарының талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін ұстап тұру;

- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізу;

- Ұлттық Банк активтерінің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі барлық ақылға қонымды ықтимал шараларды қабылдау;

- қаржылық және өзге де теріс пайдалану фактілерін анықтау және болдырмау үшін де жауапты болады.

Осы 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікті Басшылық 2026 жылғы 3 сәуірде бекітті.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басшылығының атынан:

Т.М.Сүлейменов
Төраға

2026 жылғы 3 сәуір
Астана қ, Қазақстан Республикасы

Д.А.Тайшибаева
Бас бухгалтер

2026 жылғы 3 сәуір
Астана қ., Қазақстан Республикасы



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басшылығына

Біздің пікір

Біздің пікірімізше, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – «Ұлттық Банк») және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірге – «Топ») 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілігі барлық маңызды қатынастарда шоғырландырылған қаржылық есептілікке 2-ескертпеде сипатталған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидаттарына (бұдан әрі — «шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау қағидаттары») сәйкес дайындалды.

Аудит мәні

Біз Топтың келесілерді қамтитын шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік:

- 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін пайда немесе шығын туралы шоғырландырылған есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жыл үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп;
- көрсетілген мерзімдегі қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жыл үшін меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп; және
- есеп саясаты туралы маңызды ақпарат және басқа да түсіндірме ақпаратын қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер.

Пікір білдіру негіздемесі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз бұдан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті бойынша жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған.

Біздің аудиторлық дәлелдер пікір білдіруіміз үшін негіз болуға жеткілікті әрі тиісті деп есептейміз.



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

Тәуелсіздік

Біз Қазақстан Республикасындағы біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитімізге қолданылатын Аудиторлық қызмет туралы заңның әдеп талаптарына және жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары кеңесі шығарған Кәсіби бухгалтерлердің халықаралық әдеп кодексіне (Халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) (БХӘСК кодексі) сәйкес Топқа қатысты тәуелсіз болып табыламыз. Біз сондай-ақ Қазақстан Республикасының әдеп талаптарына және БХӘСК кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық.

Біздің аудиторлық тәсіліміз Қысқаша шолу



- Жалпы активтердің сомасы тұтастан алғанда маңыздылық деңгейін есептеу үшін негіз ретінде алынды.
- Біз Ұлттық Банктің қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, бірқатар еншілес ұйымдарға белгілі бір аудиторлық процедураларды орындадық және Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне енгізілген жекелеген еншілес ұйымдарға қатысты аудит жүргізуді немесе белгілі бір аудиторлық процедураларды орындауды компоненттік аудиторларға тапсырдық.
- Айналыстағы ақшаны есепке алу және пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін баламалы құралдарға инвестициялардың әділ құнын бағалау.

Аудитті жоспарлау кезінде біз маңыздылықты анықтап, шоғырландырылған қаржылық есептіліктің маңызды бұрмалану тәуекелдерін бағаладық. Атап айтқанда, біз басшылықтың қандай салалар бойынша субъективті паймдаулар жасағанын талдадық, мысалы болжамдар жасау және табиғатынан белгісіз болашақ оқиғаларды қарастыруды қамтитын маңызды бағалау мәндеріне қатысты. Біздің барлық аудиттеріміздегідей, біз басшылықтың ішкі бақылау жүйелерін айналып өту қаупін, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, орынсыз әрекеттердің салдарынан елеулі бұрмалану қаупін тудыратын бұрмалаушылық белгілерінің болуын бағалауды да қарастырдық.



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

Маңыздылық

Біз аудит көлемін маңыздылықты қолдана отырып анықтадық. Аудит шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалауларды қамтымайтынына қатысты негізді сенімділік алуға арналған. Бұрмалау алаяқтық әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесінде туындауы мүмкін. Егер олар жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, олар маңызды болып саналады.

Өзіміздің кәсіби пайымдауымызға сүйене отырып маңыздылық үшін, оның ішінде Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі деңгейінде маңыздылық үшін белгілі бір сандық шекті мәндерді белгіледік. Осы мәндердің көмегімен және сапалық факторларды ескере отырып, біз аудиттің көлемін, сондай-ақ аудиторлық шаралардың сипатын, мерзімдерін және көлемін анықтадық және егер болса (жеке және жиынтықта алынған) бұрмаланулардың тұтастай шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсерін бағаладық.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабында көрсетілгендей, Ұлттық Банктің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. Сондай-ақ, Заңда Ұлттық Банк өз міндеттерін орындау кезінде пайда табу мақсатын басшылыққа алмауы керек екендігі нақты көрсетілген. Демек, біз жалпы активтердің мөлшерін маңыздылық деңгейін есептеу үшін негіз ретінде анықтадық.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері – бұл, біздің кәсіби пайымдауымызға сәйкес, ағымдағы кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды болып табылатын мәселелер. Бұл мәселелер тұтастай алғанда шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті аясында және осы есеп беру туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылды және біз бұл мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

Аудиттің негізгі мәселелері

Айналыстағы ақшаны есепке алу
Біз 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 5,248,470,355 мың теңге сомасындағы қалдықтың маңыздылық дәрежесіне және Ұлттық Банктің қызметі үшін бизнес-процестің маңыздылығына байланысты айналыстағы ақшаны есепке алудың дұрыстығын негізгі аудит мәселесі ретінде қарастырдық. Сонымен қатар, айналыстағы ақшаның ерекшелігіне байланысты баланстың толықтығы мен дәлдігін айқындау банкноттарды шығаруға, Ұлттық Банктің меншікті сақтау орындарында сақталатын банкноттарды физикалық бақылауға қатысты және айналыстан алынған банкноттарды жоюға қатысты бақылау құралдары мен процестерге байланысты.

«Айналыстағы ақша» деген 20-ескертпеде және «Тәуекелдерді басқару» деген 31-ескертпеде айналыстағы ақша балансы туралы толық ақпарат берілген.

Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты қандай аудиторлық рәсімдер орындалды

Айналыстағы ақшаның толықтығы мен дәлдігін растау үшін біз мынадай аудиторлық рәсімдерді орындадық:

- Біз Ұлттық Банктің саясаты мен ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес айналыстағы ақшаны есепке алу процесін зерделедік;
- Біз айналыстағы ақшаға қатысты процестерді іріктемелі негізгі бақылау дизайнын түсіндік және оған бағалау жүргіздік. Бұған Ұлттық Банктің әртүрлі бөлімшелеріне және оның банкнот шығаратын еншілес ұйымына және олардан тасымалдау, коммерциялық банктерге/басқа қаржы институттарына және олардан тасымалдау, тозған/ескі банкноттарды жою және Ұлттық Банкте сақтаудағы банкноттарды түгендеуі кірді. Біз Ұлттық Банктің банкнот шығаратын еншілес ұйымының банкноттарға қол жеткізуді шектеуге және өндіруге қатысты іріктемелі негізгі бақылау дизайнын түсіндік және оған бағалау жүргіздік. Біз алдыңғы жылғы тестілеу нәтижелеріне сүйене отырып, олардың бір бөлігі үшін ротациялық тәсілді қолдана отырып, бірқатар негізгі бақылаудың операциялық тиімділігіне тестілеу жүргіздік;
- Біз есепті кезеңдегі банкнот қағазының қозғалысын салыстырып тексердік және банкнот қағазының келіп түсуін, банкноттарды шығаруды, өндіру кезіндегі техникалық қалдықтарды жоюды қоса алғанда, осы қозғалыстың әрбір компоненті бойынша маңыздылығына қарай рәсімдер жүргіздік. Атап айтқанда, іріктеу негізінде біз банкнот қағазын бөгде жеткізушілермен жасалған келісімшарттарды тексердік, шығарылған банкноттардың нақты көлемін жоспарға толықтыруларды қоса алғанда, бекітілген Жылдық өндіру кестесімен салыстырдық, өндіру кезінде техникалық қалдықтарды жою актілерін тексердік, сондай-ақ 2025 жылғы 31 желтоқсандағы банкнот қағазының қалдықтарын салыстырып тексердік;



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты қандай аудиторлық рәсімдер орындалды

- Біз жыл соңындағы айналыстағы ақша балансын өткен жылдың соңындағы баланспен салыстырып тексердік, айналыстағы ақша қозғалысын құрдық және осы қозғалыстың әртүрлі компоненттерінің әрқайсысы бойынша маңыздылығына қарай рәсімдер жүргіздік;
- Біз іріктеу негізінде Ұлттық Банктің банкнот шығаратын еншілес ұйымынан жаңа банкноттардың қабылдануын тексердік;
- Біз іріктеу негізінде банкноттарды коммерциялық банктерге/басқа да қаржы институттарына өткізуді, банкноттарды, оның ішінде тозған/ескі банкноттарды қоса алғанда коммерциялық банктерден/басқа да қаржы институттарынан қабылдауды тексердік;
- Біз іріктеу негізінде тозған/ескі банкноттарды жою жөніндегі құжаттарды тексердік;
- Біз Ұлттық Банктің сақтау орнындағы банкноттарды түгендеуге қатыстық;
- Біз Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіндегі айналыстағы ақша аударымдарының дәлдігі мен толықтығының түзетілуін тексердік.



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

Аудиттің негізгі мәселелері

Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін баламалы құралдарға инвестициялардың әділ құнын бағалау

16-ескертпеде айтылғандай, Топ хедж-қорларға, жеке капитал қорларына және жылжымайтын мүлік қорларына инвестицияларды қамтитын пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша ескерілетін балама құралдарға инвестициялайды.

Бұл инвестициялардың әділ құны шоғырландырылған қаржылық есептілікте қор басқарушыларынан алынған ақпарат негізінде көрсетілгендіктен және осы инвестициялардың айтарлықтай балансы – 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша – 1,654,878,434 мың теңге болғандықтан, бұл мәселе аудиттің негізгі мәселесі ретінде айқындалды. «Елеулі есеп саясаттары және есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалау мәндері мен пайымдар» деп аталатын 2-ескертпеде, «Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары» деп аталатын 16-ескертпеде, «Тәуекелдерді басқару» деп аталатын 31-ескертпеде және «Қаржы активтері мен міндеттемелері: әділ құны және есептік жіктеулер, жалғасы» деп аталатын 36-ескертпеде ұсынылған әділ құнды айқындау және осы инвестицияларды есепке алу туралы толық ақпарат берілген.

Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты қандай аудиторлық рәсімдер орындалды

Біз пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін баламалы құралдарды бағалауды бақылау және қадағалау процесіндегі таңдалған негізгі бақылаулардың тиімділігін түсіндік, жобалауды бағаладық және тексердік. Бұл Топтың қор менеджерлерін таңдау процесі және қор менеджерлерінің кейінгі мониторингін қамтиды. Біз Қор менеджерлерінің жүйелері мен ұйымдастырушылық бақылауын жыл сайын беделді сыртқы аудиторлар бағалайтынын да тексердік және бұл бағалауларды қарастырдық.

Басқа рәсімдермен қатар, пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін баламалы құралдарға инвестициялардың әділ құн өлшемдерінің дәлдігін растау үшін келесі аудит рәсімдерін орындадық:

- Біз хедж-қорларға, жеке капитал қорларына және жылжымайтын мүлік қорларына әлеуетті сыртқы инвестицияларды басқарушыларды бағалау бөлігінде, сондай-ақ қор менеджерлері инвестициялаған қорларды бағалау бөлігінде Топ жүргізген заң сараптамаларын (due diligence) қарадық;
- Біз сенімгерлік инвестициялық басқару туралы шарттың, баламалы құралдар портфелін басқару жөніндегі инвестициялық стратегияның, баламалы құралдар портфелінің арнайы мақсаттағы компанияларының (special purpose vehicle) келісімдерінің, сыртқы менеджерлермен жасалған инвестициялық басқару келісімдерінің және оларға қосымша келісімдердің шарттары мен ережелерін, соның ішінде Қор менеджерлерінің инвестицияларды бағалау жиілігі мен әдістерін қоса зерттедік;
- Біз Топқа қатысты сыртқы Қор менеджерлерінің беделі, тәжірибесі және тәуелсіздігі, сондай-ақ шоғырландырылған хедж-қорлардың, жеке капитал қорларының және жылжымайтын мүлік қорларының сыртқы аудиторларының беделі мен тәжірибесі туралы түсінік алдық;



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты қандай аудиторлық рәсімдер орындалды

- Біз Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі деңгейінде хедж-қорларға, жеке капитал қорларына және жылжымайтын мүлік қорларына инвестицияларды Топтың есеп саясатына сәйкес есепке алатынын тексердік;
- Біз тәуелсіз сыртқы басқарушылардан жеке капитал қорлары мен жылжымайтын мүлік қорларына инвестициялардың меншікті иесі мен әділ құнының сомалары көрсетілген растау хаттарын алдық және оларды шоғырландырылған қаржылық есептілікте берілген деректерге салыстырдық;
- Таңдамалы негізде 2025 жылы қорларға инвестициялаумен және қорлардан шығу нәтижесінде қайтарылған ақша қаражатымен байланысты ақша қаражаттарының қозғалысын тексердік;
- Біз Топтың өткен жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ұсынылған хедж-қорларға, жеке капитал қорларына және жылжымайтын мүлік қорларына салынған инвестициялардың әділ құнының сомаларын алдыңғы кезеңдердегі аудиттелмеген бағалау қорлардың меншікті аудиттелген қаржылық есептілігіне енгізілген 31 желтоқсандағы соңғы бағалаулардан айтарлықтай ерекшеленбеуін қамтамасыз ету мақсатында хедж-қордың, жеке капитал қорларының және жылжымайтын мүлік қорларының 2024 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аудиттелген қаржылық есептіліктерінде берілген деректермен салыстырдық;
- Біз көрсетілген әділ құнға айтарлықтай әсер етуі мүмкін маңызды ауытқуларды/оқиғаларды ауытқуларды қарастыруға көз жеткізу үшін тоқсан сайын топтың баламалы инвестициялық нарықтарының ішкі шолуларын тексердік;
- Біз Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінде әділ құн иерархиясының деңгейін анықтауды қоса алғанда, баламалы инвестициялар бойынша ұсынылған ақпараттың дұрыстығы мен толықтығын тексердік.



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

Топтың аудит көлемін анықтау

Аудит көлемін біз Топтың құрылымын, Топ пайдаланатын есепке алу процестері мен бақылау құралдарын, сондай-ақ Топ өз қызметін жүзеге асыратын саланың ерекшелігін ескере отырып ескере отырып, тұтастай шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірімізді білдіру үшін жұмысты жеткілікті көлемде орындай алатындай етіп анықтадық.

Топтың құрамына Ұлттық Банк және 11 еншілес ұйым кіреді. Бухгалтерлік есепті әрбір еншілес ұйым дербес жүргізеді, бұл ретте шоғырландыру мақсаты үшін топтық есеп беру нысандарын еншілес ұйымдар Ұлттық Банктің арнайы платформасына жүктейді және әрі қарай Топтың шоғырландырылған топтық есеп беру нысандары автоматты түрде қалыптасады.

Біз Ұлттық Банктің қаржылық есептілігіне және Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне енгізілген, төменде көрсетілген компоненттердің ешқайсысына енгізілмеген еншілес ұйымдардың елеулі қалдықтары мен операцияларына аудит жүргіздік.

Еншілес ұйымдар 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың жалпы активтерінің шамамен 16%-ын құрайды. Олардың ішінде екі еншілес ұйымды біз көлеміне және / немесе елеулі бұрмалану тәуекеліне байланысты Топтың маңызды бөлігі ретінде анықтадық. Осы еншілес ұйымдар үшін және Біз Топтың маңызды бөлігі ретінде анықтамаған, бірақ оларға қатысты бірқатар аудиторлық рәсімдер жүргізілген екі еншілес ұйым үшін біз компоненттердің маңыздылық деңгейін анықтадық және төменде келтірілген аудиторлық рәсімдердің орындалғанына көз жеткіздік.

Компонент аудитору бір еншілес кәсіпорынның қаржылық есептілігінің аудиті бойынша жұмысты орындады және біз компонент аудиторуның жұмыс құжаттарына шолу жасадық. Біз басқа екі компонентке қатысты белгілі бір аудит рәсімдерін жасадық. Сонымен қатар, біз компонент аудиторуна басқа бір компонентке қатысты белгілі бір аудиторлық рәсімдерді орындауды тапсырдық және шығарылған топтық нұсқауларға сәйкес орындалған рәсімдер бойынша жауап алдық және компонент аудиторуның тиісті жұмыс құжаттарына шолу жасадық.

Басқа ақпарат

Басшылық өзге ақпарат үшін жауапты болады. Өзге ақпаратта жылдық есеп қамтылған, (бірақ онда осы аудиторлық есеп күніне дейін алған шоғырландырылған қаржылық есептілік және осы есептілік туралы біздің аудиторлық есеп қамтылмаған), және осы аудиторлық есептің күнінен кейін бізге қолжетімді болады деп күтілуде.



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы біздің пікіріміз өзге ақпаратқа қолданылмайды және біз осы ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенім білдіретін қорытынды шығармаймыз.

Біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитін жүргізуімізге байланысты біздің міндетіміз бізге қамтамасыз етілген уақытта жоғарыда көрсетілген өзге ақпаратпен танысу және өзге ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептілік немесе аудит жүргізу барысында алған біздің біліміміздің арасында елеулі сәйкессіздік болуы және өзге ақпаратта басқа ықтимал маңызды бұрмаланулар болуы туралы мәселені қарау болып табылады.

Жылдық есепті оқыған кезде, егер біз онда елеулі бұрмалаушылық бар деген қорытындыға келсек, бұл туралы басқаруға жауапты тұлғаларға хабарлауымыз керек.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың шоғырландырылған қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Басшылық осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау қағидаттарына сәйкес дайындалуы мен ұсынылуы үшін және алаяқтық немесе қателік салдарынан елеулі бұрмаланулар жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашуға және басшылық Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға немесе оның қызметін таратудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларда қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілік жасауға жауапты.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындалуын қадағалауға жауапты.



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілікте және біздің пікіріміз берілген аудиторлық есеп шығарылымында алаяқтық немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалаулар жоқ екендігіне ақылға қонымды сенімділіктің болуы. Ақылға қонымды сенімділік – бұл жоғары деңгейдегі сенімділікті білдіреді, бірақ ол ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит маңызды бұрмалаулар болған жағдайда оларды әрқашан анықтайтындығына кепілдік бермейді. Бұрмалау алаяқтық әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, маңызды болып есептеледі.

ХАС-қа сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күдікшілікті сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелі қателік нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелінен жоғарырақ, себебі алаяқтық әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, қасақана өткізіп жіберуді, ақпаратты бұрмалап ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесінен тыс іс-әрекеттерді қамтуы мүмкін;

- Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, мән-жайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;

- қолданылған есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

• біз басшылықтың есеп жүргізу үшін үздіксіз қызмет негізін қолдануының орындығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне айтарлықтай күмән тудыруы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты айтарлықтай белгісіздік бар ма деген қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық есепте шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті түрде ашуға назар аударуымыз керек немесе, егер мұндай ақпаратты ашу тиісті түрде болмаса, пікірімізді өзгертуге тиістіміз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есеп жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;

• қаржылық есептілік бойынша пікір білдіру үшін Топ ішіндегі ұйымдардың немесе бизнес-бірліктердің қаржылық ақпаратына қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдер алу үшін топтық аудитті жоспарлаймыз және орындаймыз. Біз топтық аудит мақсаттары үшін орындалған аудиторлық жұмысты басқаруға, бақылауға және тексеруге жауаптымыз. Біз аудиторлық пікірімізге толықтай жауап береміз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен өзара ақпараттық қатынастар жасаймыз, оларға өзге ақпараттан бөлек, жоспарланған аудиттің көлемі мен мерзімдерін, сондай ақ, аудит нәтижесінде туындаған маңызды ескертпелер туралы, оның ішінде, аудит барысында айқындалған ішкі бақылаудың маңызды жетіспеушіліктері туралы мәлімет береміз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті әдеп талаптарды сақтағанымыз және осы тұлғаларға аудитордың тәуелсіздігіне негізді түрде ықпал етеді деп санауға болатын барлық өзара қатынастар мен өзге де мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда тиісті сақтық шаралары туралы хабардар еткеніміз туралы мәлімдемені ұсынамыз.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың назарына жеткізген мәселелердің ішінен біз ағымдағы кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды, сондықтан аудиттің негізгі мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, оларға осы мәселелер туралы ақпаратты жария етуге заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған кезде немесе өте сирек жағдайларда қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есепте хабарланбауы керек деген қорытындыға келгенде, мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарламасының қоғамдық маңызды пайдасынан асып түседі деп негізді түрде болжауға болады деген жағдайлар кірмейді.

**Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)**

Тапсырма жетекшісі, аталған тапсырма нәтижесінде тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған - Айгүл Ахметова.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС атынан

Бекітілді:

Қол қойылды:

Азамат Қонратбаев
Басқарушы директор
«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС
(Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрлігінің 1999 жылғы
21 қазандағы №00000005 Бас
мемлекеттік лицензиясы)

Айгүл Ахметова
Серіктес, Орындаушы аудитор
(2012 жылдың 27 тамыздағы
№00000083 Аудитордың біліктілігі
куәлігі)

2026 жылғы 3 сәуір
Алматы, Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ПАЙДА НЕМЕСЕ ШЫҒЫН ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

	Ескертпе	2025 жыл мың теңге	2024 жыл мың теңге
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кіріс	4	820,137,308	741,425,007
Пайыздық шығыс	4	(1,463,370,904)	(1,173,504,243)
Таза пайыздық шығыс		(643,233,596)	(432,079,236)
Комиссиялық кіріс		55,625,790	64,181,689
Комиссиялық шығыс		(17,846,031)	(10,140,442)
Таза комиссиялық кіріс		37,779,759	54,041,247
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарымен жүргізілетін операциялардан түсетін таза пайда	5	108,220,498	135,966,811
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздармен жүргізілетін операциялардан түсетін таза пайда және алынған дивидендтер		96,838,652	10,050,547
Қауымдасқан ұйымдардың пайдасындағы үлес және басқа да өзгерістер		(348,886)	8,356,870
Банк секторын және экономиканы қалыпқа келтіру бойынша кіріс/(шығыс)	6	188,023,055	(92,137,550)
Басқа да операциялық кіріс	7	129,856,418	224,953,837
Басқа да операциялық шығыс	8	(97,949,504)	(77,191,831)
Кредиттік шығынға арналған резервтерді/(резервтер) қалпына келтіруден түсетін кіріс/(бойынша шығыс)	13,15,17, 18,19	53,223,888	(49,607,063)
Дайындалған банкноттар мен монеталардың өзіндік құны	9	(20,094,475)	(20,073,264)
Персоналға арналған шығыс	10	(59,349,664)	(54,176,589)
Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігін қаржыландыру бойынша шығыс		(17,542,694)	(8,659,488)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ПАЙДА НЕМЕСЕ ШЫҒЫН ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

	Ескертпе	2025 жыл мың теңге	2024 жыл мың теңге
Амортизация және тозу		(11,020,490)	(8,315,832)
Басқа да жалпы шаруашылық және әкімшілік шығыс	11	(25,605,034)	(24,760,490)
Табыс салығын шегергенге дейінгі шығын		(261,202,073)	(333,632,031)
Табыс салығы бойынша шығыс	12	(42,891,901)	(20,950,413)
Бір жылдағы шығын		(304,093,974)	(354,582,444)
Мыналарға тиесілі шығын/пайда:			
- Ұлттық Банктің меншік иелеріне		(304,573,206)	(354,967,136)
- бақыламайтын акционерлерге		479,232	384,692
Бір жылдағы шығын		(304,093,974)	(354,582,444)

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басшылығының атынан:

Т.М.Сүлейменов
Төраға

Д.А.Тайшибаева
Бас бухгалтер

2026 жылғы 3 сәуір
Астана қ., Қазақстан Республикасы

2026 жылғы 3 сәуір
Астана қ., Қазақстан Республикасы

28 – 210-беттердегі ескертпелер – осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

	2025 жыл мың теңге (304,093,974)	2024 жыл мың теңге (354,582,444)
Бір жылдағы шығын		
Табыс салығын шегергендегі		
басқа да жиынтық кіріс		
<i>Пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелген немесе кейіннен қайта жіктелуі мүмкін баптар:</i>		
Әділ құны өзгерістерінің резерві (борыштық құралдар):		
- әділ құнының таза өзгерісі	(145,664,596)	27,473,996
- пайда немесе шығын құрамына ауыстырылған нетто-шама	69,712,286	18,675,519
<i>Пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелген немесе кейіннен қайта жіктелуі мүмкін барлық баптар</i>	<i>(75,952,310)</i>	<i>46,149,515</i>
<i>Пайда немесе шығын құрамына кейіннен қайта жіктелуі мүмкін емес баптар:</i>		
Әділ құны өзгерістерінің резерві (үлестік құралдар)	395,059,627	183,834,316
Шетел валютасын қайта бағалау резерві	(135,209,955)	1,061,001,000
Алтынды қайта бағалау резерві (14-ескертпе)	8,012,927,534	4,177,682,313
Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау резерві	(13,185)	1,141,352
<i>Пайда немесе шығын құрамына кейіннен қайта жіктелуі мүмкін емес барлық баптар</i>	<i>8,272,764,021</i>	<i>5,423,658,981</i>
Табыс салығын шегергендегі бір жылдағы басқа да жиынтық кіріс	8,196,811,711	5,469,808,496
Бір жылдағы барлық жиынтық кіріс	7,892,717,737	5,115,226,052
Мыналарға тиесілі барлық жиынтық кіріс:		
- Ұлттық Банктің меншік иелеріне	7,892,242,542	5,114,840,530
- бақыламайтын акционерлерге	475,195	385,522
Бір жылдағы барлық жиынтық кіріс	7,892,717,737	5,115,226,052

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басшылығының атынан:

Т.М.Сүлейменов
Төраға

2026 жылғы 3 сәуір
Астана қ., Қазақстан Республикасы

Д.А.Тайшибаева
Бас бухгалтер

2026 жылғы 3 сәуір
Астана қ., Қазақстан Республикасы

28 – 210-беттердегі ескертпелер – осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**

	Ескертпе	2025 жылғы 31 желтоқсан мың теңге	2024 жылғы 31 желтоқсан мың теңге
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаты және оның баламасы	13	1,838,303,325	3,610,356,268
Алтын	14	24,122,988,131	12,594,851,287
Банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы қарыздар мен депозиттер	15	2,133,163,459	2,312,238,657
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	16	1,686,260,144	1,506,120,456
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	17	9,595,594,371	9,748,803,661
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	18	323,588,022	319,159,712
Қауымдасқан ұйымдарға инвестициялар		18,428,262	20,724,353
Негізгі құрал-жабдықтар		159,478,311	105,980,464
Материалдық емес активтер		31,296,171	11,683,445
Ағымдағы салықтық актив		8,689,749	9,904,387
Кейінге қалдырылған салықтық активтер	12	258,416,372	293,263,689
Басқа да активтер	19	1,162,168,541	1,198,389,199
Барлық активтер		41,338,374,858	31,731,475,578
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Айналыстағы ақша	20	5,248,470,355	4,733,663,281
Айналыстағы цифрлық теңге	21	23,225,458	129,109,492
Банктердің және басқа да қаржы институттарының шоттары мен депозиттері	22	12,375,000,964	10,726,283,685
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	16	1,312,361	3,639,965
Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ағымдағы шоттары	23	128,127,150	191,867,517
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ағымдағы шоттары	24	1,954,020,146	2,236,600,133
Клиенттердің шоттары	25	339,259,936	469,362,161

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**

		2025 жылғы 31 желтоқсан мың теңге	2024 жылғы 31 желтоқсан мың теңге
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	26	1,584,377,388	1,602,796,299
Бағалау міндеттемелері	27	58,371,016	55,921,437
Ағымдағы салықтық міндеттеме		2,918,208	18,654
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	12	3,294,454	2,943,966
Басқа да міндеттемелер	28	977,730,136	829,730,629
Барлық міндеттемелер		22,696,107,572	20,981,937,219
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ			
Жарғылық капитал	29	20,000,000	20,000,000
Арнаулы кепілдік беру резерві	29	1,573,318,083	1,160,135,134
Басқа да резервтер		3,977,154	3,977,154
Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау резерві		28,917,525	29,038,630
Қаржылық активтердің әділ құны өзгерістерінің резерві		304,986,823	(14,120,494)
Шетел валютасын, валюталық туынды қаржы құралдарын және алтынды қайта бағалау резерві		22,618,137,630	14,740,416,014
Жинақталған шығын		(5,910,202,303)	(5,192,565,258)
Ұлттық Банктің меншік иелеріне тиесілі барлық капитал		18,639,134,912	10,746,881,180
Бақыланбайтын акционерлердің үлесі	29	3,132,374	2,657,179
Барлық меншікті капитал		18,642,267,286	10,749,538,359
Барлық міндеттемелер мен меншікті капитал		41,338,374,858	31,731,475,578

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басшылығының атынан:

Т.М.Сүлейменов
Төраға

Д.А.Тайшибаева
Бас бухгалтер

2026 жылғы 3 сәуір
Астана қ., Қазақстан Республикасы

2026 жылғы 3 сәуір
Астана қ., Қазақстан Республикасы

28 – 210-беттердегі ескертпелер – осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

	2025 жыл мың теңге	2024 жыл мың теңге
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Салық салғанға дейінгі шығын	(261,202,073)	(333,632,031)
<i>Түзетулер:</i>		
Амортизация және тозу	11,020,490	8,315,832
Кредиттік залалдарға арналған резервтер/(ді) бойынша/(қалпына келтіруден түсетін кіріс) шығыс	(53,223,888)	49,607,063
Бағалау міндеттемелері бойынша резервтер	-	(415,903)
Жеке тұлғалардың депозиттері бойынша өтемақы	(60,180)	-
Негізгі құрал-жабдықтардың шығуынан болатын шығыс/(кіріс)	164,437	(40,360)
Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалаудан болатын шығын	-	30,882
Пайыздық шығыс	1,463,370,904	1,173,504,243
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кіріс	(820,137,308)	(741,425,007)
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарымен жүргізілетін операциялардан түсетін таза пайда	(105,191,718)	(137,869,915)
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздармен жүргізілетін операциялардан түсетін таза пайда және алынған дивидендтер	(96,838,652)	(10,050,547)
Қауымдасқан ұйымдардың пайдасындағы үлес және басқа да өзгерістер	348,886	(8,356,870)
Операциялық активтердің (ұлғаюы)/азаюы		
Алтын	(3,514,410,112)	556,036,123
Банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы қарыздар мен депозиттер	244,878,450	69,364,537
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	(124,917,160)	(36,171,144)
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	571,766,659	(2,823,996,658)
Басқа да активтер	36,070,006	18,865,377
Операциялық міндеттемелердің ұлғаюы/(азаюы)		
Айналыстағы ақша	514,807,074	623,302,208
Айналыстағы цифрлық теңге	(105,884,034)	129,104,866
Банктердің және басқа да қаржы институттарының шоттары мен депозиттері	1,654,161,254	2,256,492,263

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

	2025 жыл мың теңге	2024 жыл мың теңге
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	(2,279,008)	711,244
«РЕПО» мәмілелері	-	(6,286,908)
Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ағымдағы шоттары	(63,740,367)	58,721,471
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ағымдағы шоттары	(308,499,412)	312,199,754
Клиенттердің шоттары	(129,673,884)	95,908,579
Бағалау міндеттемелері	2,449,578	(415,903)
Басқа да міндеттемелер	152,997,934	112,268,475
Алынған пайыздар	683,371,798	553,112,816
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша төленген пайыздарды қоспағанда, төленген пайыздар	(1,235,462,418)	(941,822,499)
Алынған дивидендтер	28,726,066	28,726,066
Төленген табыс салығы	(3,579,903)	(2,865,431)
Ақша қаражатының операциялық (қызметке)/қызметтен таза (пайдаланылуы)/түсуі	(1,460,966,581)	1,002,922,623
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу	(45,867,175)	(39,861,083)
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды өтеу	41,639,762	31,579,013
Негізгі құрал-жабдықтарды және материалдық емес активтерді сатып алу	(84,295,500)	(36,725,983)
Инвестициялық қызметтегі ақша қаражатының таза пайдаланылуы	(88,522,913)	(45,008,053)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

	2025 жыл мың теңге	2024 жыл мың теңге
ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІНЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар шығарылымынан түскен түсімдер (26-ескертпе)	6,879,951,012	7,215,923,797
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу (26-ескертпе)	(6,910,110,773)	(8,035,924,520)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша төленген пайыздар	(221,154,368)	(222,127,064)
Қаржы қызметіндегі ақша қаражатының таза пайдаланылуы	(251,314,129)	(1,042,127,787)
Ақша қаражатының және оның баламаларының таза азаюы	(1,800,803,623)	(84,213,217)
Валюта бағамдары өзгерістерінің ақша қаражатының және оның баламаларының шамасына әсер етуі	(18,153,121)	150,768,916
Жылдың басындағы ақша қаражаты және оның баламалары (шығынға арналған бағалау резервін шегергенге дейін)	3,664,250,266	3,597,694,567
Жылдың соңындағы ақша қаражаты және оның баламалары (шығынға арналған бағалау резервін шегергенге дейін) (13-ескертпе)	1,845,293,522	3,664,250,266

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басшылығының атынан:

Т.М.Сүлейменов
Төраға

2026 жылғы 3 сәуір
Астана қ., Қазақстан Республикасы

Д.А.Тайшибаева
Бас бухгалтер

2026 жылғы 3 сәуір
Астана қ., Қазақстан Республикасы

28 – 210-беттердегі ескертпелер – осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

	Ұлттық Банктің меншік иелеріне тиесілі меншікті капитал									
	Жарғылық капитал	Кепілдік берудің арнаулы резерві	Басқа да резервтер	Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау резерві	Қаржылық активтердің әділ құны өзгерістерінің резерві	Шетел валютасын, валюталық туынды қаржы құралдарын және алтынды қайта бағалау резерві	Жинақталған шығын	Барлығы	Бақыламайтын акционерлер үлесі	Барлық меншікті капитал
мың теңге										
2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	20,000,000	1,160,135,134	3,977,154	29,038,630	(14,120,494)	14,740,416,014	(5,192,565,258)	10,746,881,180	2,657,179	10,749,538,359
Барлық жиынтық кіріс										
Бір жылдағы шығын	-	-	-	-	-	-	(304,573,206)	(304,573,206)	479,232	(304,093,974)
Басқа да жиынтық кіріс										
Әділ құны өзгерістерінің резерві (борыштық құралдар):										
Әділ құнының таза өзгерістері	-	-	-	-	(145,664,596)	-	-	(145,664,596)	-	(145,664,596)
Пайда немесе шығын құрамына ауыстырылған нетто-шама	-	-	-	-	69,712,286	-	-	69,712,286	-	69,712,286
Әділ құны өзгерістерінің резерві (үлестік құралдар):										
Әділ құнының таза өзгерістері	-	-	-	-	395,059,627	-	-	395,059,627	-	395,059,627
Шетел валютасын және валюталық туынды қаржы құралдарын қайта бағалау резерві	-	-	-	-	-	(135,205,918)	-	(135,205,918)	(4,037)	(135,209,955)
Алтынды қайта бағалау резерві	-	-	-	-	-	8,012,927,534	-	8,012,927,534	-	8,012,927,534
Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау резерві	-	-	-	(13,185)	-	-	-	(13,185)	-	(13,185)
Барлық басқа да жиынтық кіріс	-	-	-	(13,185)	319,107,317	7,877,721,616	-	8,196,815,748	(4,037)	8,196,811,711
Бір жылдағы барлық жиынтық кіріс	-	-	-	(13,185)	319,107,317	7,877,721,616	(304,573,206)	7,892,242,542	475,195	7,892,717,737
Мүлік құны өсімінің сомасын істен шығу нәтижесінде қайта бағалаудан ауыстыру	-	-	-	(107,920)	-	-	119,374	11,454	-	11,454
Меншік иелерімен жүргізілген, тікелей меншікті капиталдың құрамында көрсетілген операциялар:										
Кепілдік берудің арнаулы резервін қалыптастыру және қайта бөлу	-	413,182,949	-	-	-	-	(413,182,949)	-	-	-
Меншікті капиталдағы басқа да қозғалыстар	-	-	-	-	-	-	(264)	(264)	-	(264)
Меншік иелерімен жүргізілген барлық операциялар	-	413,182,949	-	-	-	-	(413,183,213)	(264)	-	(264)
2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық	20,000,000	1,573,318,083	3,977,154	28,917,525	304,986,823	22,618,137,630	(5,910,202,303)	18,639,134,912	3,132,374	18,642,267,286

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

	Ұлттық Банктің меншік иелеріне тиесілі меншікті капитал									
	Жарғылық капитал	Кепілдік берудің арнаулы резерві	Басқа да резервтер	Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау резерві	Қаржылық активтердің әділ құны өзгерістерінің резерві	Шетел валютасын, валюталық туынды қаржы құралдарын және алтынды қайта бағалау резерві	Жинақталған шығын	Барлығы	Бақыла-майтын акционерлер үлесі	Барлық меншікті капитал
мың теңге										
2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	20,000,000	970,240,870	3,977,154	27,941,288	(244,026,916)	9,501,735,080	(4,648,568,329)	5,631,299,147	2,271,657	5,633,570,804
Барлық жиынтық кіріс	-	-	-	-	-	-	(354,967,136)	(354,967,136)	384,692	(354,582,444)
Бір жылдағы шығын	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Басқа да жиынтық кіріс	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Әділ құны өзгерістерінің резерві (борыштық құралдар):	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Әділ құнының таза өзгерістері	-	-	-	-	27,473,996	-	-	27,473,996	-	27,473,996
Пайда немесе шығын құрамына ауыстырылған нетто-шама	-	-	-	-	18,675,519	-	-	18,675,519	-	18,675,519
Әділ құны өзгерістерінің резерві (үлестік құралдар):	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Әділ құнының таза өзгерістері	-	-	-	-	183,756,907	-	77,409	183,834,316	-	183,834,316
Шетел валютасын және валюталық туынды қаржы құралдарын қайта бағалау резерві	-	-	-	-	-	1,060,998,621	-	1,060,998,621	2,379	1,061,001,000
Алтынды қайта бағалау резерві	-	-	-	-	-	4,177,682,313	-	4,177,682,313	-	4,177,682,313
Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау резерві	-	-	-	1,142,901	-	-	-	1,142,901	(1,549)	1,141,352
Барлық басқа да жиынтық кіріс	-	-	-	1,142,901	229,906,422	5,238,680,934	77,409	5,469,807,666	830	5,469,808,496
Бір жылдағы барлық жиынтық кіріс	-	-	-	1,142,901	229,906,422	5,238,680,934	(354,889,727)	5,114,840,530	385,522	5,115,226,052
Мүлік құны өсімінің сомасын істен шығу нәтижесінде қайта бағалаудан ауыстыру	-	-	-	(21,203)	-	-	13,076	(8,127)	-	(8,127)
Меншік иелерімен жүргізілген, тікелей меншікті капиталдың құрамында көрсетілген операциялар:	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Кепілдік берудің арнаулы резервін қалыптастыру және қайта бөлу	-	189,894,264	-	-	-	-	(189,894,264)	-	-	-

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

	Ұлттық Банктің меншік иелеріне тиесілі меншікті капитал									
	Жарғылық капитал	Кепілдік берудің арнаулы резерві	Басқа да Резервтер	Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау резерві	Қаржылық активтердің әділ құны өзгерістерінің резерві	Шетел валютасын, валюталық туынды қаржы құралдарын және алтынды қайта бағалау резерві	Жинақталған шығын	Барлығы	Бақыла-майтын акционерлер үлесі	Барлық меншікті капитал
мың теңге										
Меншікті капиталдағы өзге де қозғалыстар	-	-	-	(24,356)	-	-	773,986	749,630	-	749,630
Меншік иелерімен жүргізілген барлық операциялар	-	189,894,264	-	(24,356)	-	-	(189,120,278)	749,630	-	749,630
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық	20,000,000	1,160,135,134	3,977,154	29,038,630	(14,120,494)	14,740,416,014	(5,192,565,258)	10,746,881,180	2,657,179	10,749,538,359

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басшылығының атынан:

Т.М.Сүлейменов
Төраға

Д.А.Тайшибаева
Бас бухгалтер

2026 жылғы 3 сәуір
Астана қ., Қазақстан Республикасы

2026 жылғы 3 сәуір
Астана қ., Қазақстан Республикасы

28 – 210-беттердегі ескертпелер – осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. КІРІСПЕ

(а) Ұйымдық құрылым және қызмет

Ұсынылып отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – «ҚҰБ») және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі – «Топ») қаржылық есептілігін қамтиды.

ҚҰБ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 13 сәуірдегі № 2134-ХІІ қаулысына сәйкес құрылған болатын. Осы Қаулыға сәйкес Қазақ КСР Мемлекеттік Банкі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып қайта аталды.

ҚҰБ-ның негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету. ҚҰБ-ға мынадай міндеттер жүктеледі:

- мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу; төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асыру; қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу;
- ақша-кредит статистикасы, қаржы нарығының статистикасы және сыртқы сектор статистикасы саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыру;
- Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес өзге де міндеттер.

Топ өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай негізгі функцияларды орындайды:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік ақша-кредит саясатын әзірлейді және жүргізеді;
- Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының жалғыз эмитенті болып табылады және Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақша айналысын ұйымдастырады;
- Қазақстан Республикасында валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асырады;
- шетел валютасындағы және бағалы металдардағы активтерді басқаруды қамтамасыз етеді;
- ҚҰБ мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалатын сенімгерлік басқару туралы шарттың негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын (бұдан әрі – Ұлттық қор) сенімгерлік басқаруды жүзеге асырады;
- ҚҰБ мен «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (бұдан әрі – «БЖЗҚ» АҚ) арасында жасалған сенімгерлік басқару туралы шарттың негізінде «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды жүзеге асырады;

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. КІРІСПЕ, ЖАЛҒАСЫ

(а) Ұйымдық құрылым және қызмет, жалғасы

- «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырады.

ҚҰБ-ның бас офісі мынадай мекенжай бойынша тіркелген: Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 64-ғимарат. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚҰБ-ның 21 филиалы, Алматы қаласында 1 өкілдігі және 11 еншілес ұйымы бар.

2025 жылы ҚҰБ-ның бас офісі Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 64 мекенжайында орналасқан жаңа ғимаратқа көшірілді.

ҚҰБ-ның барлық еншілес ұйымдары төменде көрсетілген:

Атауы	Құрылған жылы	Негізгі қызметі	Иелену үлесі, %	
			2025 жыл	2024 жыл
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» РМК	1994	Монеталар шығару	100.00	100.00
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы» АҚ	1995	Электрондық ақша аударымдары	100.00	100.00
«Қазақстан Ұлттық Банкінің Цифрлық даму орталығы» АҚ	1996	Бағдарламалық қамтылымға қызмет көрсету және әзірлеу	100.00	100.00
«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан әрі – «ҚДКҚ» АҚ)	1999	Жеке тұлғалардың депозиттеріне кепілдік беру	100.00	100.00
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасы» РМК	2004	Банкноттар шығару	100.00	100.00
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін қамтамасыз ету орталығы» АҚ	2011	Көлік қызметі, мүлікті басқару жөніндегі шаруашылық қызметті жүзеге асыру	100.00	100.00

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. КІРІСПЕ, ЖАЛҒАСЫ

(а) Ұйымдық құрылым және қызмет, жалғасы

Атауы	Құрылған жылы	Негізгі қызметі	Иелену үлесі, %	
			2025 жыл	2024 жыл
«Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ (бұдан әрі – «ҚҰБ ҰИК» АҚ)	2012	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін, ҚҰБ алтын-валюта активтерін, зейнетақы активтерін басқару	100.00	100.00
«Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ	2012	Кредиттік тарихты қалыптастыру және кредиттік есептерді беру	100.00	100.00
NICK Master Fund Ltd	2015	ҚҰБ алтын-валюта активтерін басқару Екінші деңгейдегі банктерді және	100.00	100.00
«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ (бұдан әрі – «ҚОҚ» АҚ)	2017	экономиканы қаржылай қолдау арқылы банк секторының қаржылық тұрақтылығына жәрдем беру	100.00	100.00
«Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ	1996	Депозитарлық қызмет	63.24	63.24

2019 жылдан бастап «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның (бұдан әрі – «ҚҚБ») салымдары қауымдасқан ұйымға инвестициялар ретінде жіктелді.

2025 жылы Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес «Қазақстан Ұлттық Банкінің Банктік сервистік бюросы» акционерлік қоғамы «Қазақстан Ұлттық Банкінің Цифрлық даму орталығы» акционерлік қоғамы болып аталды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. КІРІСПЕ, ЖАЛҒАСЫ

(б) Қазақстан Республикасында шаруашылық қызметті жүзеге асыру талаптары

Топ өз қызметін негізінен Қазақстан аумағында жүзеге асырады. Осының салдарынан Топ дамушы нарықтарға тән өзіндік ерекшеліктерді көрсететін Қазақстан нарықтарында экономикалық және қаржылық тәуекелдерге ұшырайды. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық базасы мен салық заңнамасы ұдайы жетілдіру үстінде. Бұл ретте өзгермелі экономикалық жағдайларға бейімделу қажеттігі ескеріледі. Кейбір жағдайда оларды түсіндіруге әртүрлі тәсілдер, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілерінен құқықтық және салықтық реттеу мәселелеріне мұқият қарауды талап ететін мерзімді өзгерістер енгізілуі мүмкін.

2025 жылы Қазақстанның нақты ЖІӨ 6.5%-ға ұлғайды, бұл іскерлік белсенділік ауқымының өскенін көрсетеді. Экономикалық динамика мұнай секторын кеңейту, сол сияқты шикізаттық емес салаларды орнықты дамыту есебінен қалыптасты. ЖІӨ өсіміне өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, көлік және сауда елеулі үлес қосты. 2025 жылы іскерлік белсенділіктің өсуіне жоғары инвестициялық белсенділік, инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру және орнықты тұтынушылық сұраныстың сақталуы ықпал етті.

Сыртқы сектор тарапынан, ең алдымен геосаяси тәуекелдер мен белгісіздіктің өсуі салдарынан құбылмалылықтың күшеюі байқалды. Әлемдік нарықта мұнай ұсынысының артуы мұнай бағасының 2024 жылы бір барреліне 80 АҚШ долларынан 2025 жылы орташа алғанда бір барреліне 69.1 АҚШ долларына дейін төмендеуіне себеп болды.

2025 жылы Қазақстандағы инфляция динамикасы 2025 жылғы қыркүйек айына дейін жеделдеуімен сипатталып, жылдық көрсеткіште 12.9%-ға жетті.

Инфляцияның жоғары деңгейі сыртқы және ішкі факторлар тарапынан туындаған проинфляциялық қысыммен негізделді. Сыртқы факторлар азық-түліктің жекелеген түрлеріне әлемдік бағаның өсуі, Ресейдегі тұтыну бағаларының жоғары өсімі, сондай-ақ рубльдің теңгеге шаққандағы бағамының нығаюы болып саналады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. КІРІСПЕ, ЖАЛҒАСЫ

(б) Қазақстан Республикасында шаруашылық қызметті жүзеге асыру талаптары, жалғасы

Ішкі факторлардың арасында тұтынушылық кредит берудің өсуімен және фискалдық ынталандыру шараларымен қолдау тапқан орнықты тұтынушылық сұранысты, жоғары және құбылмалы инфляциялық күтулерді атап өткен жөн. Бұдан басқа, өндіріс шығасылдарының өсуі аясында өңдеуші өнеркәсіптегі өндірушілердің өнімдері, ауыл шаруашылығы өнімдерінің жекелеген түрлері бағасының қымбаттауы байқалады.

2025 жылдың қазан айында үкімет АИ-92 бензиніне, дизель отынына, сондай-ақ реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызмет тарифтеріне бағаны көтеруге мораторий жариялады.

Өз кезегінде, ҚҰБ баға тұрақтылығын қамтамасыз ету шараларын қабылдауды жалғастырды. Бұл, ең алдымен, орта мерзімді перспективада инфляцияны 5% деңгейіндегі мақсатқа жеткізуге бағытталған ақша-кредит саясатын жүргізуді білдіреді. 2025 жыл ішінде инфляцияның жеделдеуі мен инфляциялық күтулердің жоғарылауы жағдайында базалық мөлшерлеме жиынтық түрде 275 б.т. көтеріліп, 15.25%-дан 18%-ға дейін жетті. ҚҰБ-ның бағалауы бойынша, базалық мөлшерлеме белгіленген деңгейде 2026 жылдың бірінші жартыжылдығының соңына дейін сақталады.

Бұл шаралар Ұлттық Банктің ақша-кредит саясаты, банктерге ең төмен резервтік талаптарды арттыру, алтын сатып алу жөніндегі операцияларды теңестіру, тұтынушылық кредит беруді реттеудің макро-, макропруденциялық шараларымен бірге 2025 жылдың қорытындысы бойынша инфляцияның 12.3%-ға дейін баяулауына ықпал етті.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша нарықтық бағам 1 АҚШ доллары үшін 505.53 теңгені құрады (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 1 АҚШ доллары үшін 525.11 теңге).

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАУЛАР

(а) Қолданылатын стандарттар

Ұсынылған шоғырландырылған қаржылық есептілік басшылықтың қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асырудың қолданыстағы талаптарының Топ қызметінің нәтижесі мен қаржылық жағдайына ықтимал әсерін бағалауын көрсетеді. Болашақ шаруашылық жағдайларының нақты әсері олардың басшылығының бағалауынан өзгеше болуы мүмкін.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы № 2155 Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ҚҰБ өзінің есеп саясатын бухгалтерлік есеп стандарттарын (бұдан әрі – «ХҚЕС») ескеріп айқындайды. Дегенмен, ҚҰБ ХҚЕС талаптарына толық сәйкес келуге міндетті емес.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын және оның қызметінің нәтижелерін көрсету мақсатында ҚҰБ Директорлар кеңесі 2013 жылғы 27 маусымда мақұлдаған, 2023 жылғы 26 желтоқсандағы соңғы өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге, Топ орталық банк қызметінің сипатына сәйкес келеді деп қарастыратын ҚҰБ-ның есеп саясатына сәйкес дайындалды. ҚҰБ есеп саясаты Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі комитет (ХҚЕСК) шығарған ХҚЕС-ке және төменде сипатталған маңызды түрлендірулерін қоса алғанда, Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын түсіндіру жөніндегі комитет (ХҚЕСТК) шығарған түсіндірулерге негізделген:

- алтын және депозиттегі алтын алтынның нарықтық құны негізінде қайта бағаланады; алтынды, шетел валютасымен көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді, туынды құралдарды қайта бағалаудан түсетін кіріс капиталдың құрамындағы (қайта бағалау шотында) басқа да жиынтық кіріс ретінде көрсетіледі. Алтынды, сондай-ақ шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді, туынды құралдарды қайта бағалаудан болған шығын капитал құрамындағы басқа да жиынтық залал ретінде, олар капиталда жинақталған (қайта бағалау шотында) алдыңғы кезеңдердің таза іске асырылмаған/іске асырылған кірістен аспайтын дәрежеде көрсетіледі, ал таза іске асырылмаған/іске асырылған кірістен асып кету пайда немесе шығын туралы шоғырландырылған есепте шығыс ретінде тікелей танылады. Бұл есепке алу тәртібі тұтастай алғанда валюталық позицияға қолданылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАУЛАР, ЖАЛҒАСЫ

(а) Қолданылатын стандарттар, жалғасы

- ҚҰБ сыртқы басқарудағы инвестициялық бағалы қағаздар портфелін осы портфель бойынша өзге бизнес-модельдің сипаттамалары болғанына қарамастан, «басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын» санатына жіктеді.

(б) Функционалдық валюта және шоғырландырылған қаржылық есептіліктің деректерін көрсететін валюта

Қазақстан теңгесі – ҚҰБ-ның және оның еншілес ұйымдарының функционалдық валютасы, ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бола тұра ҚҰБ жүргізетін операциялардың және олармен байланысты, оның қызметіне әсер ететін жағдайлардың көпшілігінің экономикалық мәнін барынша жақсы көрсетеді. Қазақстан теңгесі осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің деректерін көрсету валютасы да болып табылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің барлық деректері бүтін мың теңгеге дейінгі дәлдікпен дөңгелектенген.

(в) Қаржылық көрсеткіштерді бағалау қағидаттары

Алтынды, пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарын, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды және қайта бағаланған құны бойынша көрсетілген ғимараттарды, құрылысжайларды, жер учаскелерін және автокөлік құралдарын қоспағанда, шоғырландырылған қаржылық есептілік нақты шығын бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

**2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН
ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН
ПАЙЫМДАУЛАР, ЖАЛҒАСЫ****(в) Қаржылық көрсеткіштерді бағалау қағидаттары, жалғасы****(і) Еншілес ұйымдар**

Еншілес ұйымдар – топтың бақылауындағы инвестициялар объектілері. Егер Топ инвестициялар объектісінде қатысудан ауыспалы кіріске байланысты тәуекелге ұшыраса немесе осындай кірісті алуға құқығы болса, сондай-ақ инвестициялар объектісіне қатысты өзінің өкілеттіктерін пайдалану арқылы көрсетілген кірістің шамасына әсер ету қабілеті болса, Топ инвестициялар объектісін бақылайды. Атап айтқанда, Топ өзі шын мәнінде бақылайтын инвестициялар объектілерінің қаржылық есептілігін шоғырландырады. Еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі шоғырландырылған қаржылық есептілікке көрсетілген бақылауды нақты белгілеген күннен бастап бақылауды нақты тоқтату күніне дейін енгізіледі.

(іі) Қорларды басқару

ҚҰБ инвесторлардың мүдделері үшін компаниялардың активтерін басқарады. Топ мұндай компанияны бақылайтын (34-ескертпе) жағдайларды қоспағанда, осы компаниялардың қаржылық есептілігі Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне енгізілмейді.

(ііі) Қауымдасқан ұйымдар

Қауымдасқан ұйымдар – қаржылық және шаруашылық саясатына Топ айтарлықтай ықпал ететін, бірақ Топ бақыламайтын ұйымдар. Шоғырландырылған қаржылық есептілікке көрсетілген айтарлықтай ықпал ету нақты белгіленген күннен бастап айтарлықтай ықпал ету нақты тоқтатылған күнге дейін үлестік қатысу әдісі бойынша есептелген Топтың қауымдасқан ұйымдардың пайдасы мен шығынындағы үлесі туралы деректер кіреді. Қауымдасқан ұйымның шығынындағы Топтың үлесі Топтың қауымдасқан ұйымға қатысу үлесінен (ұзақ мерзімді кредиттерді қоса алғанда) асып кеткен жағдайларда, көрсетілген қатысу үлесі нөлге дейін төмендетіледі және Топтың осы қауымдасқан ұйымға қатысты міндеттемелері болған жағдайларды қоспағанда, кейінгі шығынды көрсету тоқтатылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР**

**2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН
ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН
ПАЙЫМДАУЛАР, ЖАЛҒАСЫ**

(в) Қаржылық көрсеткіштерді бағалау қағидаттары, жалғасы

(iv) *Шоғырландыру процесінде алып тасталатын операциялар*

Топ ішіндегі активтер мен міндеттемелер, капитал, кіріс, шығыс және еншілес ұйымдар арасындағы, ҚҰБ мен еншілес ұйымдар арасындағы операцияларға байланысты ақша қаражаты ағыны шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау процесінде толығымен алып тасталады.

(v) *Бақыламайтын акционерлердің үлестері*

Бақыламайтын акционерлердің үлестері ҚҰБ-ға тікелей немесе жанама тиесілі емес еншілес ұйымдардағы капиталды білдіреді.

Бақыламайтын акционерлердің үлестері қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте капиталдың құрамында ҚҰБ меншік иелеріне тиесілі капиталдан бөлек көрсетіледі.

Пайданың немесе шығынның және жалпы жиынтық кірістің құрамындағы бақыламайтын акционерлердің үлестері пайда немесе шығын туралы шоғырландырылған есепте және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте бөлек баппен көрсетіледі.

ҚҰБ Басқармасының шешіміне сәйкес 2023 жылы жеке капитал, жылжымайтын мүлік қорларына және хедж-қорларына, Ұлттық қорға инвестициялайтын, ҚҰБ алтын-валюта активтерінің баламалы құралдары портфелінің арнаулы мақсаттағы компаниялары (special purpose vehicle) акцияларының/үлестерінің 50 пайызын сату бойынша мәміле жүзеге асырылды (28-ескертпе).

Аталған мәміледен кейін ҚҰБ Ұлттық қордың инвестицияларын басқарушы болып табылатындықтан, компанияларды және/немесе арнаулы мақсаттағы әріптестіктерді өз бақылауын жоғалтпады. Инвестициялау мақсатында құрылған компаниялардағы және/немесе арнаулы мақсаттағы әріптестіктердегі 50%-дық үлес инвестициялау не акционердің талабы бойынша акцияларды сатып алу мақсатында құрылған компаниялардың және/немесе арнайы мақсаттағы әріптестіктердің шектеулі жұмыс істеу мерзімі болуына байланысты міндеттеме ретінде танылады (28-ескертпе).

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАУЛАР, ЖАЛҒАСЫ

(г) Шетел валютасы

Есепті күнгі жағдай бойынша шетел валютасымен көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күні қолданылған валюта бағамы бойынша функционалдық валютаға аударылады. Ақшалай активтер мен міндеттемелерді шетел валютасына аудару нәтижесінде туындайтын оң бағамдық айырма басқа да жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі. Ақшалай активтер мен міндеттемелерді қайта бағалау нәтижесінде туындайтын шығын басқа да жиынтық кіріс құрамында тікелей меншікті капиталда көрсетілген құнды қайта бағалау нәтижесінде алдыңғы ұлғаю есептен шығарылған жағдайларды қоспағанда, пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі. Бұл жағдайда олар басқа да жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі. Шетел валютасын қайта бағалау пайда немесе шығын құрамына аударылмайды. Шетел валютасымен көрсетілген, әділ құны бойынша бағаланатын ақшалай емес активтер мен міндеттемелер әділ құнды айқындау күні қолданылған валюта бағамдары бойынша функционалдық валютаға аударылады.

Шетел валютасында көрсетілген және нақты шығын бойынша көрсетілген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер операция жасалған күні қолданыста болған валюта бағамы бойынша функционалдық валютаға аударылады.

(д) Пайыздық кіріс пен шығыс

Тиімді пайыздық мөлшерлеме

Пайыздық кіріс пен шығыс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі пайдаланыла отырып, пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі. «Тиімді пайыздық мөлшерлеме» – бұл:

- қаржылық активтің жалпы баланстық құнына; немесе
- қаржылық міндеттеменің амортизацияланған құнына дейін қаржы құралының күтілетін қолданылу мерзімі ішінде есептік болашақ ақша төлемдерін немесе түсімдерін дисконттайтын мөлшерлеме.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАУЛАР, ЖАЛҒАСЫ

(д) Пайыздық кіріс пен шығыс, жалғасы

Тиімді пайыздық мөлшерлеме, жалғасы

Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған активтер болып табылмайтын қаржы құралдары бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемені есептеу кезінде Ұлттық Банк осы қаржы құралының барлық шарттық талаптарын назарға ала отырып, бірақ күтілетін кредиттік шығынды ескермей, ақша қаражатының болашақ ағындарын бағалайды. Сатып алынған немесе құрылған кредиттік құнсызданған қаржылық активтер үшін кредиттік тәуекел ескеріле отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлеме күтілетін кредиттік шығынды қоса алғанда, ақша қаражатының күтілетін болашақ ағындарының шамасы пайдаланыла отырып есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлемені есептеу мәміле бойынша шығынды, сондай-ақ сыйақыны және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын, төленген немесе алынған соманы қамтиды. Мәміле бойынша шығын қаржылық активті немесе қаржылық міндеттемені иеленуге немесе шығаруға тікелей қатысты қосымша шығынды қамтиды.

Амортизацияланған құн және жалпы баланстық құн

Қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің «амортизацияланған құны» – бұл бастапқы тану кезінде қаржылық актив немесе қаржылық міндеттеме бағаланатын, борыштың негізгі сомасының есебіне төлемдерді шегергенде, көрсетілген бастапқы сома мен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі пайдаланыла отырып есептелген өтеу мерзімі басталған кезде төленетін сома арасындағы айырманың жинақталған амортизация шамасын қосқанда немесе алғандағы және шығын үшін бағалау резерві ескеріле отырып түзетілген қаржылық активтерге қатысты сома.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын «қаржылық активтің жалпы баланстық құны» – бұл шығын үшін бағалау резервінің шамасына түзетілгенге дейінгі қаржылық активтің амортизацияланған құны.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

**2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН
ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН
ПАЙЫМДАУЛАР, ЖАЛҒАСЫ****(д) Пайыздық кіріс пен шығыс, жалғасы*****Амортизацияланған құн және жалпы баланстық құн, жалғасы***

Қаржылық актив немесе қаржылық міндеттеме бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме қаржылық активті немесе қаржылық міндеттемені бастапқы тану кезінде есептеледі. Пайыздық кіріс пен шығысты есептеген кезде тиімді пайыздық мөлшерлеме активтің жалпы баланстық құнының (актив кредиттік-құнсызданған болмаған кезде) немесе міндеттеменің амортизацияланған құнының шамасына қолданылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгерісін көрсету мақсатында өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар құралдар бойынша ақша қаражаты ағындарын мерзімді қайта бағалау нәтижесінде қайта қаралады.

Алайда бастапқы танылғаннан кейін кредиттік-құнсызданған қаржылық активтер бойынша пайыздық кіріс қаржылық активтің амортизацияланған құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы есептеледі. Егер қаржылық актив бұдан әрі кредиттік-құнсызданған болмаса, онда пайыздық кірісті есептеу жалпы баланстық құн негізінде қайтадан жүргізіледі.

Бастапқы тану кезінде кредиттік-құнсызданған қаржылық активтер бойынша пайыздық кіріс кредиттік тәуекел ескеріле отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлемені қаржылық активтің амортизацияланған құнының шамасына қолдану арқылы есептеледі. Мұндай активтер бойынша пайыздық кіріс тіпті егер олар бойынша кредиттік тәуекел кейіннен азайтылса да, жалпы баланстық құн негізінде есептелмейді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

**2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН
ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН
ПАЙЫМДАУЛАР, ЖАЛҒАСЫ****(д) Пайыздық кіріс пен шығыс, жалғасы*****Ақпарат ұсыну***

Пайда немесе шығын туралы шоғырландырылған есепте ұсынылған тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі пайдаланыла отырып есептелген пайыздық кірісте:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтері бойынша пайыздық кіріс;

- басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық инвестициялық бағалы қағаздар бойынша пайыздық кіріс қамтылады.

Пайда немесе шығын туралы шоғырландырылған есепте берілген пайыздық шығыста амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер бойынша пайыздық шығыс қамтылады.

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын туынды емес борыштық қаржылық активтер бойынша пайыздық кіріс пайда немесе шығын туралы шоғырландырылған есепте «Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарымен жасалатын операциялардан түскен таза пайда» бабына қосылады.

(е) Қаржы құралдары**(і) *Қаржы құралдарын жіктеу******Қаржылық активтер***

Бастапқы тану кезінде қаржылық актив не амортизацияланған құны бойынша, не басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша, не пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық актив ретінде жіктеледі.

Егер қаржылық актив төменде аталған екі талапқа жауап беретін және Ұлттық Банктің ұйғаруы бойынша пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық актив ретінде жіктелмеген жағдайда ғана ол амортизацияланған құны бойынша бағаланады:

- актив мақсаты шартта көзделген ақша қаражатының ағынын алу үшін активтерді ұстау болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталады; және

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР**

**2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН
ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН
ПАЙЫМДАУЛАР, ЖАЛҒАСЫ**

(е) Қаржы құралдары, жалғасы

(і) *Қаржы құралдарын жіктеу, жалғасы*

Қаржылық активтер, жалғасы

- қаржылық активтің шарттық талаптарында борыштың негізгі сомасын және негізгі соманың өтелмеген бөлігіне есептелген пайыздарды төлеуді ғана білдіретін ақша қаражаты ағынының белгіленген мерзімде туындауы көзделген.

Борыш құралы 2(а) ескертпеде сипатталған есеп саясатының модификациясын қоспағанда, егер ол төменде аталған екі талапқа жауап беретін және Ұлттық Банктің ұйғаруы бойынша пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктелмеген жағдайда ғана басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланады:

- актив мақсатына шартта көзделген ақша қаражаты ағынын алу арқылы, сол сияқты қаржылық активтерді сату арқылы қол жеткізілетін бизнес-модель шеңберінде ұсталады; және

- қаржылық активтің шарттық талаптары көрсетілген күндері борыштың негізгі сомасы және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне есептелген пайыздар есебіне төлемдер ғана болатын ақша қаражаты ағынының алынуына себеп болады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

**2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН
ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН
ПАЙЫМДАУЛАР, ЖАЛҒАСЫ**

(е) Қаржы құралдары, жалғасы

(і) *Қаржы құралдарын жіктеу, жалғасы*

Қаржылық активтер, жалғасы

Саудаға арналмаған инвестицияларды үлестік құралдарға бастапқыда тану кезінде Ұлттық Банк өзінің ұйғаруы бойынша оны кейіннен күшін жою құқығынсыз, басқа да жиынтық кіріс құрамында инвестициялардың әділ құнның кейінгі өзгерістерін беру туралы шешім қабылдай алады. Бұл таңдау әрбір инвестиция үшін жеке жүргізіледі.

Барлық басқа да қаржылық активтері пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын басқа да қаржылық активтер ретінде жіктеледі.

Бизнес-модельді бағалау

Ұлттық Банк бизнес-модельдің мақсатын бағалайды, оның шеңберінде актив қаржы құралдары портфелінің деңгейінде ұсталады, себебі бұл бизнесті басқару әдісін және ақпарат басшылыққа қалай ұсынылатынын барынша жақсы етіп көрсетеді. Ұлттық Банк мынадай ақпаратқа талдау жасайды:

- портфелді басқару үшін белгіленген саясат пен мақсат, сондай-ақ көрсетілген саясатты практикада іске асыру. Атап айтқанда, басқару стратегиясы шартта көзделген пайыздық кірісті алуға, пайыздық мөлшерлемелердің белгілі бір құрылымын ұстап тұруға, қаржылық активтерді өтеу мерзімі осы активтерді қаржыландыру үшін пайдаланылатын қаржылық міндеттемелерін өтеу мерзіміне сәйкестігін қамтамасыз етуге немесе активтерді сату арқылы ақша қаражатының ағынын өткізуге бағдарланған ба;

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

**2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН
ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН
ПАЙЫМДАУЛАР, ЖАЛҒАСЫ**

(е) Қаржы құралдары, жалғасы

(і) *Қаржы құралдарын жіктеу, жалғасы*

Қаржылық активтер, жалғасы

- портфельдің нәтижелілігі қалай бағаланады және осы ақпарат ҚҰБ басшылығына қалай жеткізіледі;

- бизнес-модельдің (және осы бизнес-модель шеңберінде ұсталатын қаржылық активтердің) нәтижелілігіне әсер ететін тәуекелдер және осы тәуекелдерді басқару қалай жүзеге асырылады;

- портфельді басқаруға жауапты менеджерлерге сыйақы қалай берледі (мысалы, осы сыйақы көрсетілген активтердің әділ құнына немесе олар шартта көзделген активтер бойынша алынған ақша ағынына байланысты ма);

- өткен кезеңдердегі сатудың жиілігі, көлемі мен туындау мерзімі, осындай сату себептері, сондай-ақ сатудың болашақтағы деңгейіне қатысты күтулер. Алайда сату деңгейі туралы ақпарат бөлек қаралмайды, ҚҰБ мәлімдеген қаржылық активтерді басқару мақсатына қалай қол жеткізілетінін және ақша қаражаты ағыны қалай іске асырылатынын бірыңғай тұтас талдау шеңберінде қаралады.

Алайда сыртқы басқарудағы инвестициялық бағалы қағаздар портфелі осы портфель бойынша өзге бизнес-модельдің сипаттамалары болғанына қарамастан, «басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын» санатына жіктеледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАР, ЖАЛҒАСЫ

(е) Қаржы құралдары, жалғасы

(і) *Қаржы құралдарын жіктеу, жалғасы*

Қаржылық активтер, жалғасы

Шартта көзделген ақша қаражаты ағынының тек қана негізгі сома мен пайызды төлеу болуын бағалау

Осы бағалау мақсаты үшін «негізгі сома» қаржылық активті бастапқы тану кезіндегі әділ құны ретінде айқындалады. «Пайыз» белгілі бір уақыт кезеңі ішінде өтелмей қалған ақшаның уақытша құны үшін, негізгі сомаға қатысты кредиттік тәуекел үшін және кредит беруге байланысты негізгі тәуекелдер мен шығын үшін (мысалы, өтімділік тәуекелі мен әкімшілік шығын) өтеу ретінде айқындалады, сондай-ақ пайда маржасын қамтиды.

Шартта көзделген ақша қаражаты ағынының тек қана негізгі соманы және негізгі соманың өтелмеген бөлігіне пайызды төлеу («SPPI өлшемшарты») болуын бағалау кезінде Ұлттық Банк қаржы құралының шарттық талаптарын талдайды. Онда қаржылық актив бойынша шарттың талаптарында шарт бойынша ақша қаражаты ағынының мерзімін немесе сомасын қаржылық актив талданатын талапты қанағаттандыра алмайтындай етіп өзгерте алатын қандай да бір талап көзделгенін бағалау қамтылады. Ұлттық Банк бағалау жүргізу кезінде:

- ақша ағынының мерзімін немесе сомасын өзгертуі мүмкін шартты оқиғаларды;
- ықпал ету әсерінің (левередж) талаптарын;
- мерзімінен бұрын өтеу және қолданыс мерзімін ұзарту туралы талаптарды;
- Ұлттық Банктің талаптарын келісілген активтерден ақша ағынымен шектейтін талаптарды (мысалы, регресс құқығынсыз қаржылық активтер); және
- ақшаның уақытша құны үшін өтеуді өзгертуге әкелетін талаптарды, мысалы, пайыздық мөлшерлемелерді кезеңдік негізде қайта қарауды назарға алады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

**2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН
ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАР,
ЖАЛҒАСЫ**

(е) Қаржы құралдары, жалғасы

(і) Қаржы құралдарын жіктеу, жалғасы

Қаржылық активтер, жалғасы

Қайта жіктеу

Бастапқы танылғаннан кейін қаржылық активтерді жіктеу Ұлттық Банк қаржылық активтерді басқару бойынша өзінің бизнес-моделін өзгерткеннен кейінгі кезеңнен басқа кезеңде өзгертілмейді.

Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық міндеттемелерді бастапқы танылғаннан кейін жіктеу өзгертуге жатпайды.

(іі) Тануды тоқтату

Қаржылық активтер

Ұлттық Банк шартта көзделген осы активтен ақша қаражаты ағынына құқықтардың қолданыс мерзімі аяқталған не осы қаржылық активке меншік құқығына байланысты барлық тәуекелдер мен пайда іс жүзінде басқа тарапқа берілетін немесе Ұлттық Банк осы қаржылық активке меншік құқығымен байланысты барлық тәуекелдер мен пайданы іс жүзінде бермейтін, сақтамайтын мәміле нәтижесінде ол осы активтен ақша қаражаты ағынын алу құқығын берген кезде қаржылық активті тануды тоқтатады және осы қаржылық активті бақыламайды.

Қаржылық активті тануды тоқтатқан кезде активтің баланстық құны (немесе тануы тоқтатылған активтің бір бөлігіне бөлінген баланстық құны) мен (і) алынған өтемақы (өзіне қабылдаған жаңа міндеттеменің шамасын шегергенде алынған жаңа активтің шамасын қоса алғанда) және (іі) басқа да жиынтық кіріс құрамында танылған кез келген жинақталған пайда немесе шығын сомасы арасындағы айырма пайда немесе шығын құрамында танылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР**

**2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН
ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАР,
ЖАЛҒАСЫ**

(е) Қаржы құралдары, жалғасы

(ii) Тануды тоқтату, жалғасы

Қаржылық активтер, жалғасы

Ұлттық Банктің ұйғаруы бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағалау санатына жіктелген үлестік инвестициялық бағалы қағаздар бойынша басқа да жиынтық кіріс құрамында танылған пайданың/шығынның кез келген жинақталған сомасы осындай бағалы қағаздарды тану тоқтатылған кезде пайда немесе шығын құрамында қайта жіктеуге жатпайды. Ұлттық Банк құрған немесе оның атында сақталған тануды тоқтату талаптары сақталатын, берілген қаржылық активтердегі кез келген қатысу үлесі жекелеген актив немесе міндеттеме ретінде танылады.

Ұлттық Банк талаптары бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылған активтерді беретін мәмілелер жасасады, бірақ бұл ретте не берілген активтерге меншік құқығымен байланысты барлық немесе іс жүзінде барлық тәуекелдерді және пайданы не олардың бір бөлігін өзіне қалдырады. Мұндай жағдайларда берілген активтерді есепке алуда тану тоқтатылмайды. Бағалы қағаздарды қарызға беру және «РЕПО» мәмілелері осындай мәмілелердің мысалы болады.

Қаржылық міндеттемелер

Ұлттық Банк қаржылық міндеттеме бойынша шарттық міндеттемелер орындалған, жойылған немесе тоқтатылған кезде оны тануды тоқтатады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР**

**2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН
ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАР,
ЖАЛҒАСЫ****(е) Қаржы құралдары, жалғасы****(iii) *Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің талаптарын түрлендіру*****Қаржылық активтер**

Егер қаржылық активтің талаптары өзгертін болса, Ұлттық Банк осындай түрлендірілген актив бойынша ақша қаражаты ағыны айтарлықтай өзгеше болатынын бағалайды. Егер ақша қаражаты ағыны айтарлықтай өзгеше болса («талаптардың айтарлықтай түрленуі»), шартта көзделген бастапқы қаржылық актив бойынша ақша қаражаты ағынына құқықтың мерзімі өткен деп саналады. Бұл жағдайда бастапқы қаржылық активті тану тоқтатылып, жаңа қаржылық актив есепте мәміле бойынша тиісті шығынды қосқанда әділ құны бойынша танылады. Түрлендіру шеңберінде пайда болған, алынған комиссиялық сыйақы сомасы есепте былайша танылады:

- жаңа активтің әділ құнын айқындау кезінде есепке алынатын комиссиялық сыйақы сомасы, сондай-ақ мәміле бойынша тиісті шығынды өтеуді білдіретін комиссиялық сыйақы сомасы осы активті бастапқы бағалауға қосылады; және

- комиссиялық сыйақының басқа да сомасы пайда немесе шығын құрамында тануды тоқтатудан пайданың немесе шығынның бір бөлігі ретінде танылады.

Егер қолданыстағы қаржылық активтер немесе қаржылық міндеттемелер бойынша ақша қаражаты ағыны шамасының өзгеруі шарттың ағымдағы талаптарының салдары болса, олар талаптардың түрленуі болып саналмайды.

Ұлттық Банк талаптардың түрленуі айтарлықтай болып табылатынына, яғни бастапқы қаржылық актив бойынша ақша қаражаты ағыны және түрлендірілген немесе оны алмастырған қаржылық актив бойынша ақша қаражаты ағыны айтарлықтай өзгеше болатынына саны мен сапасы бойынша бағалау жүргізеді. Ұлттық Банк сапа факторларын, санына қатысты факторларды және сапасы мен санына қатысты факторлардың жиынтық әсерін талдай отырып, талаптар түрленуінің маңыздылығы тұрғысынан саны мен сапасына қатысты бағалау жүргізеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАР, ЖАЛҒАСЫ

(е) Қаржы құралдары, жалғасы

(iii) Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің талаптарын түрлендіру, жалғасы

Қаржылық активтер, жалғасы

Егер ақша қаражаты ағыны айтарлықтай өзгеше болса, онда шартта көзделген бастапқы қаржылық актив бойынша ақша қаражаты ағынына құқық тоқтатылды деп саналады. Ұлттық Банк бұл бағалауды жүргізу кезінде осындай қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтатуға қатысты нұсқауларды басшылыққа алады.

Ұлттық Банк талаптарды түрлендіру мынадай сапалық факторлар:

- қаржылық активтің валютасын өзгерту;
- қамтамасыз ету типін немесе активтің сапасын арттырудың басқа құралдарын өзгерту;
- контрагентті ауыстыру;
- реттеуші нормаларды өзгерту;
- төлемдерді өтеу мерзімі мен тәртібін өзгерту;
- мәміленің экономикалық мәнін өзгерту;
- SPPI өлшемшартына сәйкессіздікке келетін қаржылық активтің талаптарын өзгерту (мысалы, конвертациялау талабын қосу) негізінде маңызды деген қорытындыға келеді.

Егер түрлендіру контрагенттің/эмитенттің қаржылай қиындықтарына байланысты болса, онда осындай түрлендірудің мақсаты, әдетте, бастапқыдан айтарлықтай өзгеше болатын талаптармен жаңа активті құру (беру) емес, шарттың бастапқы талаптарына сәйкес активтің құнын барынша ықтимал сомада өтеу болып табылады.

Егер Ұлттық Банк қаржылық активті қолданыстағы шартта көзделген ақша қаражаты ағынының бір бөлігін кешіруге әкелетіндей түрлендіруді жоспарласа, онда ол осы активтің бір бөлігін түрлендіруді жүргізгенге дейін есептен шығару қажетті ме деп талдауға тиіс (төмендегі есептен шығаруға қатысты саясатты қараңыз). Бұл тәсіл санына қатысты бағалау нәтижесіне ықпал етеді және осындай жағдайда тиісті қаржылық активті тануды тоқтатуға арналған өлшемшарттар әдетте сақталмауына әкеледі. Ұлттық Банк талаптарды түрлендіру айтарлықтай болуын сапасына қатысты да бағалайды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР**

**2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН
ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАР,
ЖАЛҒАСЫ**

(е) Қаржы құралдары, жалғасы

(iii) *Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің талаптарын түрлендіру, жалғасы*

Қаржылық активтер, жалғасы

Егер амортизацияланған құны немесе басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтің талаптарын түрлендіру осы қаржылық активті тануды тоқтатуға әкелмесе, онда Ұлттық Банк осы актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, осы активтің жалпы баланстық құнын қайта есептейді және туындаған айырманы пайда немесе шығын құрамында түрлендіруден пайда немесе шығын ретінде таниды. Өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар қаржылық активтерге қатысты түрлендіруден болатын пайда немесе шығынды есептеу кезінде пайдаланылатын бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме түрлендіруді жүргізу кезіндегі ағымдағы нарықтық талаптарды көрсету үшін түзетіледі.

Осындай түрлендіру шеңберінде туындаған келтірілген шығын немесе төленген комиссиялар мен алынған комиссиялық сыйақылар түрлендірілген қаржылық активтің жалпы баланстық құнын түзетеді және түрлендірілген қаржылық активтің қалған қолданыс мерзімі ішінде амортизацияланады.

Егер осындай түрлендіру контрагенттің/эмитенттің қаржылай қиындықтарына байланысты болса, онда тиісті пайда немесе шығын құнсызданудан болған шығын құрамында ұсынылады. Қалған жағдайларда тиісті пайда немесе шығын тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі пайдаланыла отырып есептелген пайыздық кіріс құрамында ұсынылады (2(д) ескертпені қараңыз).

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР**

**2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН
ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАР,
ЖАЛҒАСЫ**

(е) Қаржы құралдары, жалғасы

(iii) Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің талаптарын түрлендіру, жалғасы

Қаржылық міндеттемелер

Ұлттық Банк қаржылық міндеттеменің талаптары түрлендірілген міндеттеме бойынша ақша қаражаты ағынының шамасы айтарлықтай өзгерген кезде оны тануды тоқтатады. Бұл жағдайда түрлендірілген талаптары бар жаңа қаржылық міндеттеме әділ құны бойынша танылады.

Алдыңғы қаржылық міндеттеменің баланстық құны мен түрлендірілген талаптары бар жаңа қаржылық міндеттеменің құны арасындағы айырма пайда немесе шығын құрамында танылады. Егер қаржылық емес активтер болса, төленген өтемақыда берілген қаржылық емес активтер және жаңа түрлендірілген қаржылық міндеттемені қоса алғанда, қабылданған міндеттемелер қамтылады.

Ұлттық Банк сапа факторларын, санына қатысты факторларды және сапа мен санына қатысты факторлардың жиынтық әсерін талдай отырып, талаптардың түрленуінің маңыздылығы тұрғысынан саны мен сапасына қатысты бағалау жүргізеді.

Ұлттық Банк мына сапа факторлары:

- қаржылық міндеттеменің валютасын өзгерту;
- конвертация талабын қосу негізінде талаптарды түрлендіру айтарлықтай болып табылады деген қорытындыға келеді.

Егер бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталып, алынған комиссиялық сыйқақыны шегергенде комиссиялық сыйақыны төлеуді қоса, жаңа талаптарға сәйкес ақша қаражаты ағынының келтірілген құны бастапқы қаржылық міндеттеме бойынша қалған ақша қаражаты ағынының дисконтталып келтірілген құнынан кем дегенде 10%-ға ерекшеленетін болса, санына қатысты бағалауды жүргізу мақсаты үшін талаптар айтарлықтай өзгешеленген деп саналады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАР, ЖАЛҒАСЫ

(е) Қаржы құралдары, жалғасы

(iii) Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің талаптарын түрлендіру, жалғасы

Қаржылық міндеттемелер, жалғасы

Егер қаржылық міндеттеменің талаптарын түрлендіру оны тануды тоқтатуға әкелмесе, онда міндеттеменің амортизацияланған құны бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша ақша қаражатының түрлендірілген ағынын дисконттау арқылы қайта есептеледі және нәтижесінде туындаған айырма пайда немесе шығын құрамында түрлендіруден болған пайда немесе шығын ретінде танылады. Өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар қаржылық міндеттемелерге қатысты түрлендіруден болатын пайда немесе шығынды есептеу кезінде пайдаланылатын бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме түрлендіруді жүргізу кезінде ағымдағы нарықтық талаптарды көрсету үшін түзетіледі.

Түрлендіру шеңберінде туындап, келтірілген шығын немесе төленген комиссиялар міндеттеменің баланстық құнын түзету ретінде танылады және құрал бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемені қайта есептеу арқылы түрлендірілген қаржылық міндеттеменің қалған қолданыс мерзімі ішінде амортизацияланады.

(iv) Құнсыздану

3-ескертпені де қараңыз.

Ұлттық Банк пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын, мына қаржы құралдары:

- борыштық құралдар болып табылатын қаржылық активтер;
- қаржылық кепілдіктің шығарылған шарттары бойынша күтілетін кредиттік шығынға арналған бағалау резервін таниды.

Үлестік құралдарға салынған инвестициялар бойынша әділ құны бойынша ескерілетін құнсызданудан болған шығын танылмайды және олардың құнының өзгеруі басқа жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР**

**2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН
ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАР,
ЖАЛҒАСЫ****(е) Қаржы құралдары, жалғасы*****(iv) Құнсыздану, жалғасы***

Ұлттық Банк шығынға арналған резервтерді танылатын резерв сомасы 12 айлық ККШ-ға тең болатын мынадай құралдарды:

- есепті күнгі жағдай бойынша төмен кредиттік тәуекелі бар борыштық инвестициялық бағалы қағаздарды; және
- кредиттік тәуекелі оларды бастапқы тану кезінен бастап айтарлықтай көтерілмеген басқа да қаржы құралдарын қоспағанда, бүкіл мерзімдегі күтілетін кредиттік шығынға (бұдан әрі – ККШ) тең сомада бағалайды (3-ескертпені қараңыз).

12 айлық күтілетін кредиттік шығын – есепті күннен кейінгі 12 ай ішінде ықтимал қаржы құралы бойынша дефолт оқиғасы салдарынан болатын ККШ-ның бір бөлігі. 12 айлық күтілетін кредиттік шығын танылатын қаржы құралдары «1-сатыдағы» қаржы құралдарына жатқызылады.

Бүкіл мерзімдегі ККШ қолданысының бүкіл мерзімі ішінде қаржы құралы бойынша ықтималды барлық дефолт оқиғалары нәтижесінде ККШ ретінде айқындалады.

Бүкіл мерзімдегі ККШ танылатын қаржы құралдары «2-саты» (егер қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекел оны бастапқы тану кезінен бастап айтарлықтай көтерілсе, бірақ қаржы құралы кредиттік құнсызданған болып табылмаса) және «3-саты» (егер қаржы құралы кредиттік құнсызданған болып табылған жағдайда) қаржы құралдары болып саналады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

**2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН
ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАР,
ЖАЛҒАСЫ**

(е) Қаржы құралдары, жалғасы

(iv) Құнсыздану, жалғасы

Қайта құрылымдалған қаржылық активтері

Тараптардың келісімі бойынша қаржылық активтің талаптарын немесе қаржылық актив талаптарын түрлендіруді қайта қараған немесе контрагенттің/эмитенттің қаржы қиындықтары себепті қолданыстағы қаржылық активін жаңасына ауыстырған жағдайда осы қаржылық активті тануды тоқтату қажеттілігі тұрғысынан бағалау жүргізіледі және күтілетін кредиттік шығын былайша бағаланады:

- егер күтілетін қайта құрылымдау қолданыстағы активті тануды тоқтатуға әкелмесе, онда түрлендірілген қаржылық активі бойынша ақша қаражатының күтілетін ағындары қолданыстағы актив бойынша ақша қаражатының толық алынбаған сомасының есебіне енгізіледі (3-ескертпені қараңыз);

- егер күтілетін қайта құрылымдау қолда бар активті тануды тоқтатуға алып келсе, онда жаңа активтің күтілетін әділ құны тануды тоқтату кезінде қолда бар актив бойынша ақша қаражатының түпкілікті ағыны ретінде қаралады. Бұл сома қолданыстағы қаржылық активі бойынша ақша қаражатының толық алынбаған сомасының есебіне енгізіледі, ол қолданыстағы қаржылық активі бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме пайдаланыла отырып, тануды тоқтатудың күтілетін күнінен бастап есепті күнге дейінгі кезең үшін дисконтталады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАР, ЖАЛҒАСЫ

(e) Қаржы құралдары, жалғасы

(iv) Құнсыздану, жалғасы

Кредиттік құнсызданған қаржылық активтер

Әрбір есепті күні Ұлттық Банк амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржылық активтерді және басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық қаржылық активтерді олардың кредиттік құнсыздануы тұрғысынан бағалайды. Қаржылық актив осындай қаржылық активі бойынша ақша қаражатының болашақ есептік ағындарына теріс әсер ететін бір немесе бірнеше оқиға орын алған кезде «кредиттік құнсызданған» болып табылады.

Атап айтқанда, мына байқалатын деректер:

- контрагенттің немесе эмитенттің елеулі қаржылық қиындықтары;
- дефолт немесе төлем мерзімін өткізіп алу сияқты шарт талаптарын бұзу;
- Ұлттық Банктің қарызды немесе аванстық төлемді Ұлттық Банк өзге жағдайларда қарамайтын талаптармен қайта құрылымдауы;
- контрагенттің ықтималды банкроттығы немесе өзге де қаржылық қайта ұйымдастырылуы туындауы; немесе
- қаржылық қиындықтар нәтижесінде бағалы қағаз үшін белсенді нарықтың жоғалып кетуі қаржылық активтің кредиттік құнсыздануын растау болып табылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАР, ЖАЛҒАСЫ

(e) Қаржы құралдары, жалғасы

(iv) Құнсыздану, жалғасы

Кредиттік құнсызданған қаржылық активтер, жалғасы

Егер шартта көзделген ақша қаражаты ағындарын алмау тәуекелі айтарлықтай төмендеген және құнсызданудың басқа белгілері болмауының айғағы болмаса ғана қарыз алушының қаржылық жай-күйі нашарлауы салдарынан талаптары қайта қаралған кредит кредиттік-құнсызданған болып есептеледі. Бұдан басқа 90 күн немесе одан көп уақытқа мерзімі өткен кредиттер кредиттік-құнсызданған болып есептеледі.

Мемлекет борышкер болып табылатын мемлекеттік облигацияларға (өзге қаржылық активтерге) инвестицияларды кредиттік құнсыздану тұрғысынан бағалау кезінде Ұлттық Банк мына факторларды:

- облигациялардың кірістілігінде көрсетілген кредитке төлем жасау қабілетін нарықтық бағалауды;
- рейтингтік агенттіктер орындаған кредитке төлем жасау қабілетін бағалауды;
- елдің жаңа борышты шығару үшін капитал нарығына қол жеткізу қабілетін;
- ұстаушылар борышты ерікті немесе мәжбүрлі кешіру нәтижесінде шығын шегуіне әкелетін борышты қайта құрылымдау ықтималдығын;
- осындай елге «соңғы сатыдағы кредитор» ретінде қажетті қолдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін халықаралық қолдау көрсету тетіктерінің болуын, сондай-ақ жария мәлімдемелерінде мемлекеттік органдар мен ведомстволардың осы тетіктерді пайдалану ниетін қарайды. Бұл аталған тетіктер қолданысының тиімділігін және саяси ниетке қарамастан, талап етілетін өлшемшарттарға сәйкес келу қабілеті болуын бағалауды қамтиды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

**2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН
ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАР,
ЖАЛҒАСЫ**

(e) Қаржы құралдары, жалғасы

(iv) Құнсыздану, жалғасы

*Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте күтілетін
кредиттік шығынға бағалау резервін ұсыну*

Күтілетін кредиттік шығынға арналған бағалау резервінің сомасы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте былайша берілген:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер: осы активтердің жалпы баланстық құнының азаюы ретінде;

- басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар: шығынға арналған бағалау резерві қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылмайды, өйткені осы активтердің баланстық құны олардың әділ құны болып табылады. Алайда шығынға арналған бағалау резервінің шамасы әділ құнының өзгерістері резервінің құрамында ашылады және танылады.

Есептен шығару

Қаржылық активі толық сомада немесе оның бір бөлігі негізді өтелуі күтілмеген кезде қарыз бен борыштық бағалы қағаздар есептен шығарылуға (ішінара немесе толық сомада) тиіс. Әдетте, бұл Ұлттық Банк контрагентте есептен шығаруға жататын берешек сомасын өтеу үшін жеткілікті көлемде ақша қаражаты ағындарын жинақтайтын активтер немесе кіріс көздері жоқ деп анықтаған жағдай. Бұл бағалау әрбір актив үшін жеке орындалады.

Есептен шығарылған қаржылық активтерге қатысты Ұлттық Банк тиесілі соманы өтеу саясатына сәйкес берешекті өндіріп алу қызметін жүзеге асыруды жалғастыруы мүмкін.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАР, ЖАЛҒАСЫ

(e) Қаржы құралдары, жалғасы

(iv) Құнсыздану, жалғасы

Қаржылық активтің ажырамас бөлігі болып табылмайтын қаржылық кепілдік шарттары

Екінші деңгейдегі банкті депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қосылу шарты 9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес, сондай-ақ 32 «Қаржы құралдары: ақпарат ұсыну» ХҚЕС (IAS) қолдану саласына жататын қаржылық кепілдік шарты ретінде танылады.

Қаржылық кепілдік шарты – шығарған тарап борышкер борыш құралының бастапқы немесе қайта қаралған талаптарында белгіленген мерзімде төлем жасай алмауы салдарынан борышкер шеккен шығынды өтеу үшін борышкердің шартында көрсетілген контрагентке белгілі бір төлемдер жасауға міндетті болатын шарт. Осылайша, қатысушы банктің депозиторларына оның дефолты нәтижесінде кепілді өтемақы сомасын төлеу жөніндегі шартты міндеттемелер қаржылық кепілдік шарты болып табылады.

Бастапқы танылғаннан кейін қаржылық кепілдік шарты кейіннен мыналардың:

1) шығынға арналған бағалау резерві сомасының; және,

2) орынды болған жағдайда, 15 «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» ХҚЕС (IFRS) қағидаттарына сәйкес танылған кірістің жалпы сомасын шегеріп, бастапқы танылған соманың ең үлкен шамасы бойынша бағаланады.

Кепілді өтемақыны төлеу кепілдік берілетін қосылу шартының талаптарына сәйкес қатысушы банктің дефолты басталған кезде ғана жүзеге асырылады.

Күтілетін кредиттік шығын қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте міндеттемелердің тиісті шоттарында танылады. Кейіннен кез келген түзетулер пайданың немесе шығынның құрамында танылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

**2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН
ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАР,
ЖАЛҒАСЫ**

(е) Қаржы құралдары, жалғасы

(iv) Құнсыздану, жалғасы

Қаржылық активтің ажырамас бөлігі болып табылмайтын қаржылық кепілдік шарттары, жалғасы

Қатысушы банктің дефолты басталған кезде таратылатын банк бойынша қаржылық кепілдіктерді жабу үшін есепке жазылған резервтер сомасы жеткілікті болған жағдайда кепілді өтемді төлеу жөніндегі міндеттемелердің шотына қайта жіктеледі. Сона жеткіліксіз болған жағдайда, қаржылық кепілдікті жабу үшін резервтер шотына қосымша есепке жазылады, содан кейін кепілді өтемді төлеу жөніндегі міндеттемелер шотына қайта жіктеледі.

(v) «РЕПО» және «кері РЕПО» мәмілелері

Кері сатып алу міндеттемесімен сату туралы келісімдер шеңберінде сатылған бағалы қағаздар (бұдан әрі – «РЕПО» мәмілелері) бағалы қағаздар кепілімен қамтамасыз етілген қаржыландыруды тарту бойынша операциялар ретінде көрсетіледі, бұл ретте бағалы қағаздар қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетіліп, ал контрагенттер алдындағы міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте жеке жолмен «РЕПО» мәмілесі ретінде көрсетіледі. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасы арасындағы айырма пайыздық шығысты білдіреді және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі пайдаланыла отырып, «РЕПО» мәмілесінің қолданылу кезеңіндегі пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі.

Кері сату міндеттемесімен сатып алу туралы келісімдер шеңберінде сатып алынған бағалы қағаздар (бұдан әрі – «кері РЕПО» мәмілелері) қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте жеке жолмен «кері РЕПО» мәмілелері ретінде көрсетіледі. Сатып алу бағасы мен кері сату бағасы арасындағы айырма пайыздық кірісті білдіреді және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі пайдаланыла отырып, «кері РЕПО» мәмілесінің қолданылу кезеңіндегі пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР**

**2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН
ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАР,
ЖАЛҒАСЫ****(е) Қаржы құралдары, жалғасы****(vi) Туынды құралдар**

Туынды құралдар «СВОП» мәмілелерін, форвардтық келісімшарттар мен фьючерстік мәмілелерді және пайыздық мөлшерлемелерге, шетел валютасына, бағалы металдар мен бағалы қағаздарға опцион мәмілелерін, сондай-ақ осыдан бұрын санамаланған құралдардың кез келген реттілігін қамтиды.

Туынды құралдар бастапқыда мәміле жасалған күні әділ құны бойынша көрсетіледі және кейіннен әділ құны бойынша қайта бағаланады. Барлық туынды құралдар, егер олардың әділ құны оң болса, активтер ретінде және олардың әділ құны теріс болса, міндеттемелер ретінде көрсетіледі.

Басқа да жиынтық кірістің құрамында көрсетілетін, базалық активтері шетел валюталары болып табылатын туынды құралдардың әділ құнының өзгерістерін қоспағанда, туынды құралдардың әділ құнының өзгерістері пайда немесе шығын құрамында дереу көрсетіледі.

Базалық активтері шетел валюталары болып табылатын туынды құралдарды қайта бағалаудан түсетін кіріс тікелей басқа жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі. Осы туынды құралдарды қайта бағалаудан болған шығын алдыңғы кезеңдердің таза іске асырылмаған пайдасынан асатын бөлігінде пайда немесе шығын құрамында танылады, олай болмаған жағдайда олар тікелей капиталдағы басқа да жиынтық кірісті азайтады. Базалық активтері шетел валюталары болып табылатын туынды құралдарды қайта бағалау пайда немесе шығын құрамына аударылмайды.

Ұлттық Банк тәуекелдерді хеджирлеу мақсатында туынды құралдармен сауда операцияларын жүзеге асыратынына қарамастан, көрсетілген операциялар хеджирлеу операцияларын есепке алу қағидаларын қолдану үшін өлшемшарттарға сай келмейді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР**

**2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН
ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАР,
ЖАЛҒАСЫ****(е) Қаржы құралдары, жалғасы****(vii) *Активтер мен міндеттемелерді өзара есепке жатқызу***

Ұлттық Банктің қаржылық активтері мен міндеттемелері өзара есепке жатқызылады және осы үшін заңдық негіздер болса және тараптардың өзара есепке жатқызу арқылы берешекті реттеу немесе бір мезгілде активті өткізу және міндеттемені орындау ниеті болған жағдайда, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ықшамдалған түрде көрсетіледі.

(ж) Банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы қарыздар мен депозиттер

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің «Банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы қарыздар мен депозиттер» бабында:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын, банктерге берілген қарыздар, банктердегі шоттар мен депозиттер қамтылады (2(е)(і) ескертпені қараңыз); олар бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады плюс мәміле бойынша қосымша тікелей шығын қамтылады және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі пайдаланыла отырып, олардың амортизацияланған құны бойынша бағаланады;

- SPPI өлшемшартына сәйкес келмеу себебі бойынша пайда немесе шығын арқылы міндетті түрде әділ құны бойынша бағаланатын банктерге берілген қарыздардың (2(е)(і) ескертпені қараңыз) өзгерістері пайда немесе шығын құрамында дереу танылатын әділ құны бойынша бағаланады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

**2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН
ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАР,
ЖАЛҒАСЫ****(з) Инвестициялық бағалы қағаздар**

«Әділ құны бойынша пайда немесе шығын арқылы бағаланатын қаржы құралдары», «Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар», «Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар» баптарында ұсынылған инвестициялық бағалы қағаздар қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық инвестициялық бағалы қағаздарды (2(е)(і) ескертпені қараңыз) білдіреді; олар бастапқыда әділ құны бойынша плюс мәміле бойынша қосымша тікелей шығын және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі пайдаланыла отырып, олардың амортизацияланған құны бойынша бағаланады;

- пайда немесе шығын арқылы міндетті түрде әділ құны бойынша бағаланатын немесе Ұлттық Банктің қалауы бойынша осы санатқа жіктелетін борыштық және үлестік инвестициялық бағалы қағаздарды (2(е)(і) және (е)(v) ескертпелерді қараңыз) білдіреді; олар өзгерістері пайда немесе шығын құрамында дереу танылатын әділ құн бойынша бағаланады;

- басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды (2(е)(і) ескертпені қараңыз) білдіреді; және

- Ұлттық Банктің ұйғаруы бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағалау санатына жіктелетін үлестік инвестициялық бағалы қағаздарды (2(е)(і) ескертпені қараңыз) білдіреді.

**(и) Банктердің және басқа да қаржы институттарының депозиттері,
шығарылған борыштық бағалы қағаздар**

Банктердің және өзге де қаржы институттарының депозиттері, шығарылған борыштық бағалы қағаздар бастапқыда мәміле бойынша тиісті шығын шегеріле отырып, әділ құны бойынша және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі пайдаланыла отырып, олардың амортизацияланған құны бойынша бағаланады.

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар мәміле жасалған күні бухгалтерлік есепте танылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР**

**2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН
ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАР,
ЖАЛҒАСЫ****(к) Кепілдік берудің арнаулы резерві**

«Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес ҚҰБ еншілес ұйымы, «ҚДКҚ» АҚ қатысушы банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда, қатысушы банктердің салымшыларына белгілі бір деңгейге дейін соманы өтеуге міндетті. Топ депозиттерге кепілдік беру жоспарына қатысатын банктердің жарналарын жинақтау мақсатында арнаулы кепілдік беру резервін құрады.

Бұл тетік «ҚДКҚ» АҚ резервін қалыптастыру жинақтау негізінде:

- қатысушы банктердің жарналары;
- қосылу шарты бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін қатысушы банктерге қолданылған тұрақсыздық төлемі;
- мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің «ҚДКҚ» АҚ төленген (төленетін) кепілді өтемақының сомасы жөніндегі талаптарын қанағаттандыру тәртібімен алынған ақша;
- «ҚДКҚ» АҚ арнаулы резервінің активтерін орналастырудан түскен кіріс;
- «ҚДКҚ» АҚ жарғысында көзделген тәртіппен оның шығыс пен аударымдар сомасына азайтылған меншікті активтерін орналастырудан түскен кіріс;
- уәкілетті органның қатысушы банкті барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиясынан айыру туралы шешімінің күші жойылған жағдайда, одан алынған, «ҚДКҚ» АҚ төлеген кепілдік берілген өтем сомасы мөлшеріндегі ақша;
- кепілді өтемнің талап етілмеген сомасы Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексінде көзделген тәртіппен депозитордың атына ашылған, ерікті зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған жеке зейнетақы шотынан қайтарылған жағдайда, Заңның 21-1-бабының 5-тармағына сәйкес БЖЗҚ-дан алынған ақша есебінен жүзеге асырылатынын білдіреді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР**

**2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН
ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАР,
ЖАЛҒАСЫ****(к) Кепілдік берудің арнаулы резерві, жалғасы**

Арнаулы резерв жеткіліксіз болған жағдайда «ҚДКҚ» АҚ жарғылық капиталдың 70% шегінде меншікті активтерін немесе Заңның 22-бабына сәйкес «ҚДКҚ» АҚ акционерінің шешімі бойынша өзге мөлшерде пайдалануға құқылы. Ал «ҚДКҚ» АҚ-тың арнаулы резерв қаражаты мен меншікті активтері жеткіліксіз болған жағдайда тапшылық қатысушы банктердің қосымша жарналары есебінен өтеледі.

(л) Басқарудағы активтер

Ұлттық Банк активтерді басқару бойынша көрсетілетін қызметтерді және кастодиандық көрсетілетін қызметтерді ұсынады, оның нәтижесінде үшінші тараптардың атынан активтерді иеленеді. Аталған активтер мен олар бойынша кіріс шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілмеді, себебі бұл активтер Ұлттық Банкке тиесілі емес. Қызметтің осы түрінен алынатын комиссиялық сыйақылар пайда немесе шығын құрамындағы комиссиялық кіріс құрамында ұсынылды.

(м) Кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелер

Ағымдағы шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында Ұлттық Банк аккредитивтер мен кепілдіктерді қамтитын кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелерді өзіне қабылдайды.

Қаржылық кепілдіктер – бұл Ұлттық Банкті белгілі бір төлемдерді жүзеге асыруға міндеттейтін, белгілі бір дебитордың борыштық құралдың талаптарында айқындалған мерзімдерде төлем жасай алмауы салдарынан қаржы кепілдігін ұстаушыға келтірілген шығынның орнын толтыратын шарттар.

(н) Салық салу

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ҚҰБ табыс салығы мен қосылған құн салығын төлеуден босатылған.

ҚҰБ-ның еншілес және қауымдасқан ұйымдары салықтың барлық түрі бойынша салық төлеушілер болып табылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

**2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН
ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАР,
ЖАЛҒАСЫ****(н) Салық салу, жалғасы**

Табыс салығының сомасы ағымдағы салық сомасын және кейінге қалдырылған салық сомасын қамтиды. Табыс салығы басқа да жиынтық кіріс құрамында көрсетілетін операцияларға немесе тиісінше басқа да жиынтық кіріс құрамында немесе тікелей меншікті капитал құрамында көрсетілетін тікелей капитал шоттарында көрсетілетін меншік иелерімен жасалатын операцияларға жататын соманы қоспағанда, пайданың немесе шығынның құрамында толық көлемде көрсетіледі.

Ағымдағы табыс салығы есепті күнгі жағдай бойынша қолданыста болған табыс салығы бойынша мөлшерлемелерді, сондай-ақ алдыңғы есепті жылдары табыс салығының сомасын нақтылау нәтижесінде туындаған міндеттемелердің сомасы ескеріле отырып, бір жылдағы салық салынатын пайданың болжамды мөлшері негізге алына отырып есептеледі.

Кейінге қалдырылған салықтық активтер мен кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер оларды шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсету мақсаты үшін айқындалатын активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен олардың салықтық базасы арасында туындайтын уақыт айырмашылықтарына қатысты көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салықтық активтер мен кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер мынадай уақыт айырмашылықтарына қатысты: шоғырландырылған қаржылық есептілікте гудвилді көрсетуге байланысты және салық салынатын базаны азайтпайтын айырмашылық, бастапқы көрсету фактісі бухгалтерлікке де, сол сияқты салық салынатын пайдаға да әсер етпейтін активтер мен міндеттемелерге қатысты айырмашылық; сондай-ақ еншілес ұйымдарға инвестицияларға байланысты уақытша айырмашылық, негізгі кәсіпорынның көрсетілген айырмашылықтардың іске асу уақытын бақылау мүмкіндігі болған және осы уақыт айырмашылықтары таяу болашақта іске аспайтынына сенімділік болған жағдайда танылмайды.

Кейінге қалдырылған салықтық активтер мен кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелерді есептеу Ұлттық Банк есепті кезеңнің соңында активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын өтеуді немесе орнын толтыруды жоспарлайтын тәсілге байланысты салықтық салдарды көрсетеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

**2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН
ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАР,
ЖАЛҒАСЫ****(н) Салық салу, жалғасы**

Кейінге қалдырылған салықтық активтер мен кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелердің шамасы есепті күнгі жағдай бойынша қолданыстағы немесе қолданысқа енгізілген заңдарға негізделе отырып, уақыт айырмашылықтарын қалпына келтіру кезінде болашақта қолданылатын салықтық мөлшерлемелерге сүйене отырып айқындалады.

Кейінге қалдырылған салықтық активтер болашақта уақыт айырмашылықтарын жабу үшін жеткілікті салық салынатын пайда алу ықтималдығы бар шамада көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салықтық активтердің мөлшері шегерілетін уақытша айырмашылықтарды пайдалануға болатын салық салынатын пайданы алу ықтималдығы жоқ дәрежеде азаяды.

(о) Бағалау міндеттемелері

Бағалау міндеттемелері қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте алдағы шығыс резервтерін есепке алу шотында Ұлттық Банкте орын алған оқиға нәтижесінде заңды немесе негізді міндеттеме туындаған жағдайда және осы міндеттемені орындау үшін қаражат аударуды талап ету ықтималдығы болған кезде көрсетіледі. Бағалау міндеттемелерін тану кезінде бағалау міндеттемелерінің шамасы басқа да операциялық шығысқа жатқызылады.

Бағалау міндеттемесі – орындау мерзімі белгіленбеген міндеттеме немесе шамасы белгіленбеген міндеттеме.

(п) Бағалау мен пайымдауды пайдалану

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС-қа сәйкес дайындау басшылықтан есеп саясатының қолданылатын қағидаттарына және активтердің, міндеттемелердің, кіріс пен шығыстың көрсетілетін сомасына әсер ететін кәсіби пайымдауды, есептік бағалау мен болжамды пайдалануды талап етеді. Нақты нәтижелер көрсетілген бағалаудан ерекшеленуі мүмкін.

Бағалау мен олардың негізінде жол берілетін шама тұрақты негізде қайта қаралады. Бағалаудағы түзетулер тиісті бағалау қайта қаралған есепті кезеңде және оларға қатысы бар кез келген кейінгі кезеңдерде танылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

**2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН
ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАР,
ЖАЛҒАСЫ****(п) Бағалау мен пайымдауды пайдалану, жалғасы**

Есеп саясатын қолдану кезінде пайдаланылған, шоғырландырылған қаржылық есептілікте танылған шамаларға айтарлықтай әсер еткен пайымдау мен бағалау туралы ақпарат мына ескертпелерде ашылған:

**Қаржылық активтерді жіктеу: шеңберінде қаржылық активтер
ұсталатын бизнес-модельді бағалау**

Бизнес-модельді бағалау

Бизнес-модельдерді бағалау қаржылық активтер болып табылатын алтын-валюта активтерінің (бұдан әрі – АВА) бір бөлігі үшін және ұлттық валютадағы (ішкі портфель) активтер үшін жүргізіледі. ҚҰБ қаржылық активтерді басқару үшін пайдаланылатын бизнес-модель активтердің тиісті портфельдері мен қосалқы портфельдерінің ерекшеліктері негізінде айқындалады.

АВА-ны басқарумен байланысты стратегиялық мақсаттар мен шектеулер ҚҰБ-ның АВА-ны басқару жөніндегі инвестициялық стратегиясында айқындалған, оған сәйкес АВА өтімділік портфелінен, инвестициялық портфельден, стратегиялық портфельден, дамушы нарықтар портфелінен және баламалы құралдар портфелінен тұрады.

Осы портфельдердің әрқайсысының өз мақсаты бар, олар қаржылық активтер нәтижелілігінің, кірістілігінің, нәтижелілікке әсер ететін тәуекелдердің қалай бағаланатынын және менеджерлерге сыйақының қалай берілетінін айқындайды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАР, ЖАЛҒАСЫ

Қаржылық активтерді жіктеу: шеңберінде қаржылық активтер ұсталатын бизнес-модельді бағалау, жалғасы

Бизнес-модельді бағалау, жалғасы

Ішкі портфель ұлттық валютадағы ҚҰБ активтерінен тұрады, олармен операциялар ҚҰБ басқарушы органдарының шешімдері шеңберінде және (немесе) түрлі қаржы ұйымдарымен, оның ішінде халықаралық қаржы ұйымдарымен келісімдердің талаптарын орындау шеңберінде жүзеге асырылады.

АВА портфельдерінің және ішкі портфельдің мақсаты төмендегі кестеде көрсетілген.

Портфель	Мақсаты
АВА портфельдері	
Өтімділік портфелі	Ақша-кредит саясатын іске асыру, өтімділік пен сақтаудың жоғары деңгейін ұстап тұру және валютаға қысқа мерзімді сұранысты қанағаттандыру және сыртқы мемлекеттік борышқа қызмет көрсету мақсатында операциялар жүргізу. Үстеме кірістілік алу өтімділік портфелінің активтерін басқарудың мақсаты болып табылмайды.
Инвестициялық портфель	Қысқа мерзімді және орта мерзімді перспективада активтер кірістілігін сақтау және ұлғайту.
Стратегиялық портфель	Орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада активтер кірістілігін қамтамасыз ету және АВА-ны әртараптандыру.
Дамушы нарықтар портфелі	Шет мемлекеттердің орталық банктерімен тиісті келісімдердің талаптарына сәйкес олардың жергілікті валютасын және Қазақстан теңгесін сатып алу/сату (айырбастау) бойынша мәмілелер жүргізу.
Баламалы құралдар портфелі	Ұзақ мерзімді перспективада активтер кірістілігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету және АВА-ны әртараптандыру.
Ішкі портфель	
Ішкі портфель	Ақша-кредит саясатын іске асыру үшін ұлттық валютадағы операциялар және монетарлық операцияларды жүргізу. Бұл ретте кірістілікті алу ҚҰБ-ның ішкі портфелінің мақсаты болып саналмайды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

**2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН
ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАР,
ЖАЛҒАСЫ**

Қаржылық активтерді жіктеу: шеңберінде қаржылық активтер ұсталатын бизнес-модельді бағалау, жалғасы

Бизнес-модельді бағалау, жалғасы

Топ портфеліне еншілес ұйымдардың портфельдері – «ҚОҚ» АҚ бағалы қағаздар (облигациялар) портфелі, «ҚОҚ» АҚ 1 және 2-салымдар портфелі, «ҚОҚ» АҚ талап ету құқықтары, «ҚОҚ» АҚ реттелген облигациялары, «ҚДКҚ» АҚ бағалы қағаздар (облигациялар) портфелі де кіреді.

Өтімділік портфелінің, инвестициялық портфельдің, баламалы құралдар портфелінің (жеке капитал қорларына, жылжымайтын мүлік қорларына, хедж-қорларға және басқа қорларға инвестицияларды қоспағанда) және ішкі портфельдің стратегиялық мақсаттарын, сондай-ақ сатылым көлемі бойынша жиі және үлкен ықтималдығы ескеріле отырып, осы портфельдер (қосалқы портфельдер) үшін мақсатына шартта көзделген ақша ағындарын алу және қаржылық активтерді сату жолымен қол жеткізілетін бизнес-модель қолданылады.

Дамушы нарықтар портфелінің стратегиялық мақсаттарын, осы портфель бойынша сату жиілігі мен көлемінің төмен болуын ескере отырып, осы портфель үшін мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстап тұру болатын бизнес-модель қолданылады.

Бағалы қағаздар (облигациялар) портфелі және «ҚОҚ» АҚ 1-салымдар портфелі үшін мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде ақшаны нысаналы орналастыру, кірістілікке/үстеме кірістілікке қол жеткізгені үшін қосымша сыйақының болмауы, сондай-ақ болашақта сатылымдарды күтудің төмен болуы негізгі міндет екенін ескере отырып, осы портфельдер үшін және қарыздар бойынша талап ету құқықтары үшін мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алуға активтерді ұстап тұру болатын бизнес-модель қолданылады.

«ҚОҚ» АҚ-ның 2-салымдар портфелінің және реттелген облигациялар портфелінің қаржылық активтер пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланады. Мұндай инвестициялар SPPI өлшемшарттарына сәйкес келмейді (тек қана негізгі соманы және пайыздарды төлеу).

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАР, ЖАЛҒАСЫ

Қаржылық активтерді жіктеу: шеңберінде қаржылық активтер ұсталатын бизнес-модельді бағалау, жалғасы

Бизнес-модельді бағалау, жалғасы

Жоғарыда көрсетілген портфельдер бойынша кірістілікке/үстеме кірістілікке қол жеткізгені үшін қосымша сыйақы жоқ немесе маңызды фактор болып табылмайды.

Жоғарыда көрсетілген портфельдер шеңберінде Топтың ақша қаражаты және оның баламалары, банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы қарыздары мен депозиттері, кері РЕПО мәмілелері және басқа да қаржылық активтер бар, Топ оларды егер жоғарыда өзгеше көрсетілмесе, мақсаты шартта көзделген ақша қаражаты ағынын алу үшін активтерді ұстап қалу болып табылатын бизнес-модельге жатқызады.

Баламалы құралдардың әділ құнын айқындау

Жеке капитал қорларына және жылжымайтын мүлік қорларына салынатын инвестициялар әдетте бақыланатын деректер негізінде бағалауға болмайтын құралдар болып саналады. Баламалы құралдар портфелінің әділ құнын бағалауды Топ дербес жасамайды, оны есепті күнге осы қорлардың басқарушылары ұсынады және ол базалық инвестициялардың таза активтерінің әділ құнын бағалауға негізделеді. Өз кезегінде қорларды басқарушылар инвестицияларды бағалау үшін әртүрлі әдістерді пайдаланады. Әдіснамада дисконтталған ақша ағындары, көптеген талдау, активтерді салыстырмалы талдау, үшінші тараптың бағалауы, үшінші тараптың баға белгілеуі, СВОП-тарға немесе басқа қолданылатын индекстерге спрэдтерді қолдану және тағы басқалары қамтылуы мүмкін. Кредиттік рейтингтерді, өтеуге дейінгі қалған жылдар санын, кредит маржасын, СВОП мөлшерлемелерін, кредиттік құрылымдағы кезеңділік жолын және тағы басқаларын қоса алғанда, әрбір инвестицияның өзіндік сипаттамалары осы әдіснамаларда пайдаланылатын бастапқы деректер болып табылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР**

**2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН
ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАР,
ЖАЛҒАСЫ****Сегментті есептілік**

Топ қызметі 8 «Операциялық сегменттер» ХҚЕС (IFRS) мақсаты үшін бір операциялық сегментті білдіреді. Операциялық сегмент Топ кіріс алатын не шығыс шығаратын коммерциялық қызметке (Топтың басқа да компоненттерімен операцияларға қатысты кіріс пен шығысты қоса алғанда) тартылған, қызметінің нәтижелерін сегменттер арасында ресурстарды бөлу кезінде және олардың қызметінің қаржылық нәтижелерін бағалау кезінде операциялық шешімдерді қабылдауға жауапты тұлға үнемі талдайтын және оған қатысты қаржылық ақпарат қолжетімді болатын Топ компонентін білдіреді.

Жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсініктемелерге өту

Бірқатар жаңа стандарттар мен стандарттарға түзетулер мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен 2025 жылғы 1 қаңтардан кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енді. Топ өзінің шоғырландырылған қаржылық есептілігін 2 (а) ескертпеде сипатталғандай қағидаттық тұрғыдан түрлендірілген ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына негізделген ҚҰБ есеп саясатына сәйкес дайындайды. ҚҰБ осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде жаңа және өзгертілген стандарттарға мерзімінен бұрын өткен жоқ.

21 «Айырбастаудың шектеулі мүмкіндігі» ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер (2023 жылғы 15 тамызда шығарылды және 2025 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

Егер жоғарыда өзгеше көрсетілмесе, жоғарыда көрсетілген түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР**

**2. ЕЛЕУЛІ ЕСЕП САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫН
ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ПАЙЫМДАР,
ЖАЛҒАСЫ****Жаңа есептік ережелер**

2026 жылғы 1 қаңтарда немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енетін бірқатар жаңа стандарттар мен түсініктемелер жарияланды:

- 18 «Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашу» ХҚЕС (IFRS) (2024 жылғы 9 сәуірде шығарылды және 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді). Қазіргі уақытта Топ жаңа стандарттың шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсерін бағалауда. Кірісті, шығысты және ақша ағындарын жіктеу мақсатында Топтың қызметін операциялық, инвестициялық және қаржылық санаттар бойынша бөлу арқылы талдау жүргізілуде. Талдау нәтижелері бойынша 2026 жылы шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарына өзгерістер енгізу және тиісті актілерді бекіту жоспарлануда;

- Қаржы құралдарын жіктеу және бағалау талаптарына түзетулер – 9 ХҚЕС-ке (IFRS) және 7 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер (2024 жылғы 30 мамырда шығарылды және 2026 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді);

- 19 «Жария емес еншілес компаниялар: ақпаратты ашу» ХҚЕС (IFRS) (2024 жылғы 9 мамырда шығарылды және 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді);

- 10 ХҚЕС-ке (IFRS) және 28 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер – «Инвестор мен оның қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасындағы мәмілелерде активтерді сату немесе салу» (2014 жылғы 11 қыркүйекте шығарылды және ХҚЕС жөніндегі кеңес айқындайтын күннен басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді);

- ХҚЕС Бухгалтерлік есеп стандарттарын жыл сайын жетілдіру (2024 жылғы шілдеде шығарылды және 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді).

Егер жоғарыда өзгеше көрсетілмесе, жаңа стандарттар мен түсіндірулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтіледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

3. КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛДІ ТАЛДАУ

Бұл ескертпеде Топтың кредиттік тәуекелге бейімділігі туралы ақпарат берілген. Топ қолданатын кредиттік тәуекелді басқару саясаты туралы ақпарат 31-ескертпеде берілген.

Кредиттік тәуекел – күтілетін кредиттік шығын сомасы

Құнсыздануды бағалау үшін пайдаланылған бастапқы деректер, болжамдар мен әдістер

Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуы

Қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің бастапқы танылған кезінен бері айтарлықтай артуының орын алған-алмағанын бағалау кезінде Топ шамадан тыс шығынсыз немесе күш-жігерсіз орынды және қолжетімді негізделген және расталған ақпаратты қарайды. Бағалауда сандық және сапалық ақпарат, сондай-ақ Топтың тарихи тәжірибесіне, кредиттік сапа мен болжамды ақпаратты сараптамалық бағалауға негізделген талдау қамтылады.

Бағалау мақсаты:

- есепті күнгі жағдай бойынша бүкіл мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт ықтималдығын; және

- кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияны бастапқы тану кезінде айқындалған уақыттың осы кезіне қатысты есептелген бүкіл мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт ықтималдығын салыстыру арқылы кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияға қатысты кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуының орын алған-алмағанын анықтау.

Қаржы құралын бастапқы тану кезінен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуын бағалау құралды бастапқы тану күнін айқындауды талап етеді.

Топ бастапқы тану кезінен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаю өлшемшартын (сандық және сапалық) қолданады:

- бастапқы бағалау кезінде BBV немесе Baa2 және одан жоғары рейтингі бар қаржылық активтер үшін қаржылық актив немесе контрәріптес немесе бағалы қағаздар эмитенті рейтингінің екі және одан көп сатыға төмендеуі кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюын білдіреді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

3. КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ

Кредиттік тәуекел – күтілетін кредиттік шығын сомасы, жалғасы
Құнсыздануды бағалау үшін пайдаланылған бастапқы деректер, болжамдар мен әдістер, жалғасы

Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуы, жалғасы

- бастапқы бағалау кезінде BBB немесе Baa2 төмен рейтингі бар қаржылық активтер үшін қаржылық актив немесе контрәріптес немесе бағалы қағаздар эмитенті рейтингінің бір сатыға төмендеуі кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы болып танылады.

- шарт талаптарының бұзылу фактілерін анықтау және (немесе) мерзімі өткен төлемдердің болуы.

Кредиттік тәуекелді бөлу деңгейлері (рейтингтері)

Топ дефолт тәуекелін болжау үшін айқындалатын әртүрлі деректер негізінде, сондай-ақ кредит бойынша сараптамалық пайымдауды қолдану арқылы кредиттік тәуекелге ұшыраған әрбір позицияны кредиттік тәуекел деңгейлері арасында бөледі. Топ 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуын анықтау үшін кредиттік тәуекелдің осы деңгейлерін пайдаланатын болады. Кредиттік тәуекел деңгейлері дефолт тәуекелін көрсететін сапалық және сандық факторлар пайдаланыла отырып анықталады. Бұл факторлар кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияның сипатына және контрагенттің типіне байланысты өзгеруі мүмкін.

Кредиттік тәуекел рейтингтері кредиттік тәуекелдің нашарлауына қарай экспонент бойынша дефолттың басталу тәуекелі өсетіндей етіп айқындалады және іріктеледі – мәселен, кредиттік тәуекелдің 1 және 2-рейтингтерінің арасындағы айырмашылық кредиттік тәуекелдің 2 және 3-рейтингтерінің арасындағы айырмашылыққа қарағанда аз болады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

3. КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ

Кредиттік тәуекел – күтілетін кредиттік шығын сомасы, жалғасы

Кредиттік тәуекелді саралау деңгейлері (рейтингтері), жалғасы

Кредиттік тәуекелге ұшыраған әрбір позиция қолда бар ақпарат пен халықаралық рейтингтік агенттіктердің деректері бойынша берілген сыртқы рейтинг негізінде бастапқы тану күні кредиттік тәуекелдің белгілі бір деңгейі болып саналады. Кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияларға тұрақты мониторинг жасалуы тиіс, бұл бастапқы тану кезінде кредиттік тәуекел рейтингінен өзгеше рейтинг позициясын беруге әкелуі мүмкін. Мониторингте әдетте мына деректерді:

- кредиттік рейтингтік агенттіктердің деректерін, баспасөздегі жарияланымдарды, сыртқы кредиттік рейтингтердің өзгерістері туралы ақпаратты;

- контрагенттер туралы ақпаратты кезеңдік негізде талдау нәтижесінде алынған ақпаратты – мысалы, аудиттелген қаржылық есептілікті, басқарушылық есептілікті, бюджеттерді, болжамдар мен жоспарларды;

- мерзімі өткен берешектің мәртебесі туралы ақпаратты қоса алғанда, төлемдер туралы ақпаратты;

- егер осы ақпарат қолжетімді болса, эмитенттер облигацияларына және кредиттік дефолт СВОП-тарына баға белгілеуді;

- қаржылық, экономикалық талаптардың және қызметті жүзеге асыру талаптарының ағымдағы және болжамды өзгерістерін;

- контрагент қызметін немесе оның шаруашылық қызметін жүзеге асырудың саяси, нормативтік және технологиялық ортасында нақты және күтілетін елеулі өзгерістерді талдау көзделеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

3. КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ

Кредиттік тәуекел – күтілетін кредиттік шығын сомасы, жалғасы Дефолт ықтималдығының уақытша құрылымын құру

Кредиттік тәуекел рейтингтері кредиттік тәуекелге ұшыраған позициялар үшін дефолт ықтималдығының уақытша құрылымын құру кезінде негізгі бастапқы деректер болып табылады. Топ өңірге, контрагент типіне байланысты, сондай-ақ кредиттік тәуекел рейтингіне байланысты талданатын кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияларға қатысты дефолт деңгейі және берешекке қызмет көрсету сапасы туралы мәліметтерді жинайды. Топ негізінен сыртқы кредиттік рейтингтік агенттіктерден алынған ақпаратты пайдаланады.

«Дефолт» ұғымын айқындау

Топ қаржылық активті:

- контрагенттің/эмитенттің Ұлттық Банк алдындағы кредиттік міндеттемелері Ұлттық Банктің қамтамасыз етуді (ол бар болса) іске асыру сияқты әрекеттерді қолдануынсыз толық көлемде өтелетіні шамалы;
- Топтың елеулі кредиттік міндеттемелерінің кез келгені бойынша контрагент берешегінің мерзімі 90 күннен асқан жағдайларда дефолт оқиғасы басталған қаржылық активтерге жатқызады.

Контрагенттің/эмитенттің міндеттемелері бойынша дефолт оқиғасының басталуын бағалау кезінде Топ мына факторларды:

- сапалық – мысалы, шарттың шектеу талаптарының бұзылуын («ковенанттар»);
- сандық – мысалы, мерзімі өткен берешек мәртебесін және бір эмитенттің Топ алдындағы басқа міндеттемелер бойынша төлем жасамауын; сондай-ақ
- меншікті және сыртқы дереккөздерден алынған өзге де ақпаратты ескереді.

Қаржы құралы бойынша дефолт оқиғасының басталуын бағалау кезіндегі бастапқы деректер және олардың маңыздылығы мән-жайлардағы өзгерістерді көрсету үшін уақыт өте келе өзгеруі мүмкін.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР**

3. КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ**Кредиттік тәуекел – күтілетін кредиттік шығын сомасы, жалғасы
Болжамды ақпаратты қосу**

Қаржылық активтер бойынша күтілетін кредиттік шығындарды бағалау мақсатында Ұлттық Банк Moody's рейтингтік агенттігінің деректерін пайдаланады. Бұл ретте қаржылық есептілікте кредиттік сапа Standard and Poor's рейтингі бойынша ашылады.

Топ болжамды ақпаратты қаржы құралын бастапқы тану кезінен бастап кредиттік тәуекелдің артуы тұрғысынан бағалауға да, күтілетін кредиттік шығынды бағалауға да қосады.

Топ контрәріптестердің/бағалы қағаздар эмитентінің ағымдағы рейтингіне негізделген PD болжамды мәнін түзетуді есептеу кезінде кредиттік тәуекелді және кредиттік шығынды халықаралық рейтингтік агенттіктердің (Rating Outlook) болжамын бағалауға әсер ететін негізгі факторлардың тізбесін айқындайды.

Кредиттік тәуекелді және кредиттік шығынды бағалауға әсер ететін факторлар әрбір жеке контрәріптес/бағалы қағаздар эмитенті бойынша ақпаратты пайдалануға негізделеді. Дефолт ықтималдығын (PD) есептеу кезінде неғұрлым дәл есептеу үшін іріктеу жүзеге асырылады. Кредиттік тәуекел деңгейін анықтауға кредиттік тәуекел туралы ерте ескертуді бағалау (Early Warning Signal) және климаттық тәуекелге түзетілген коэффициенттер кіреді.

PD дефолтының ықтималдығы жекелеген контрәріптестер/бағалы қағаздар эмитенттері үшін деректерді жеткізуші Moody's Analytics UK Limited-тің EDF-X бағдарламалық өнімінің көмегімен автоматты түрде айқындалады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ

Кредиттік тәуекел – күтілетін кредиттік шығын сомасы, жалғасы Түрлендірілген қаржылық активтер

Шартта көзделген қарыз бойынша талаптар бірқатар себептер бойынша, оған қоса нарықтық жағдайлардың өзгеруіне және контрагенттің кредит төлеу қабілеттілігінің ағымдағы немесе ықтимал нашарлауына қатысы жоқ басқа да факторларға байланысты түрленуі мүмкін. Талаптары түрлендірілген қазіргі қарызды есепке алуды тану тоқтатылуы және есеп саясатына сәйкес әділ құны бойынша түрлендірілген талаптары бар жаңа қарызды есепке алуда тану көрсетілуі мүмкін.

Егер қаржылық активтің талаптары өзгерсе және талаптардың түрленуі қаржылық активті тануды тоқтатуға алып келмесе, қаржылық актив бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуының орын алған-алмағанын анықтау:

- шарттың түрлендірілген талаптары негізінде есепті күнгі жағдай бойынша бүкіл мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт ықтималдығын; және
- шарттың бастапқы талаптары негізінде қаржылық активті бастапқы тану кезінде дәл осы уақытқа қатысты есептелген барлық мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт ықтималдығын салыстыру арқылы жүргізіледі.

Қарыз талаптарын түрлендіру оны тануды тоқтатуға алып келген кезде жаңадан танылған қарыз (ол тану күні кредиттік құнсызданған қарыз болып табылмайтын жағдайда) 1-саты болып саналады.

Күтілетін кредиттік шығынды бағалау

Күтілетін кредиттік шығынды бағалау кезінде мына айнымалы шамалардың уақытша құрылымы:

- дефолт ықтималдығы (PD);
- дефолт жағдайындағы шығын шамасы (LGD); және
- дефолт жағдайындағы тәуекел сомасы (EAD) негізгі бастапқы деректер болып табылады.

Дефолт ықтималдығын (PD) бағалау Moody's рейтингтік агенттігінің ақпараты негізінде есептелетін белгілі бір күнгі бағаларды білдіреді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ

Күтілетін кредиттік шығынды бағалау, жалғасы

Moody's Analytics UK Limited компаниясының әдіснамасы бойынша PD көрсеткіші EDF-X бағдарламалық өніміндегі кіріктірілген «RiskCalc» және «CreditEdge» модельдерінің көмегімен қалыптасады. Егер кредиттік тәуекелге ұшыраған контрагент немесе позиция рейтинг деңгейлері арасында ауысып тұрса, бұл бағалауда дефолттың тиісті ықтималдығының өзгеруіне алып келеді. Тәуелсіз эмитенттер үшін PD көрсеткіші «CreditEdge» моделін пайдалана отырып қалыптасады, ал эмитенттердің қалған санаттары бойынша PD көрсеткіші «RiskCalc» моделімен қалыптасады.

LGD көрсеткіші қалпына келтірудің статикалық және динамикалық факторларын ескереді. LGD көрсеткіші қаржы дағдарысы кезінде туындаған жаңа құбылыстарды есепке алатындай етіп іріктелген. Модель пайдаланушыларға нақты бір проблема бойынша қалпына келтіруді бағалаудың жүйелі тәсілін ұсынады. Бұл көрсеткіш EDF-X бағдарламалық өніміндегі кіріктірілген «RiskCalc» және «CreditEdge» модельдері негізінде қалыптасады.

Дефолт жағдайындағы шығын шамасы (LGD) – бұл дефолт жағдайындағы ықтимал шығынды көрсететін шама. Топ «Bloomberg» жүйесінің ақпаратына және Moody's Analytics UK Limited компаниясынан сатып алынған дефолт кезінде күтілетін шығын мәндерін иелену моделіне сүйене отырып LGD көрсеткіштерін бағалайды.

Қаржылық активтер бойынша күтілетін кредиттік шығынға арналған резервтерді есептеу мақсатында Moody's рейтингтік агенттігінің консервативтік рейтингтік бағасы пайдаланылады. Қаржылық активтер бойынша күтілетін кредиттік шығын күтілетін кредиттік шығынның болжамды модельдері негізінде айқындалады.

Дефолт тәуекеліне ұшыраған талаптар шамасы (EAD) дефолтты есептеу күні өтелмеген талаптардың оң баланстық құнын білдіреді.

Топ бұл көрсеткішті ағымдағы EAD шамасына қарай есептейтін болады. Дефолт жағдайындағы жалпы баланстық құн қаржылық актив үшін EAD шамасы болып табылады.

Бірінші сатыдағы қаржылық активтер үшін PD көрсеткіштері 12 айға есептеледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР**

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ**Күтілетін кредиттік шығынды бағалау, жалғасы**

Екінші сатыға жатқызылған қаржылық активтер үшін PD және LGD көрсеткіштерін бағалау мақсатында қаржылық активтің бүкіл мерзіміндегі PD мәні пайдаланылады.

Үшінші сатыдағы қаржылық активтер үшін PD көрсеткіштері 100% мәнге теңестіріледі.

Кредиттік сапаны талдау

13, 15, 17, 18 және 19-ескертпелерде 2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы ақша қаражатының, қарыздар мен депозиттердің, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың, амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың, сатып алынған қарыздар бойынша талаптардың кредиттік сапасы туралы ақпарат берілген. Егер өзгеше көрсетілмесе, ескертпелердегі қаржылық активтер бойынша сома жалпы баланстық құнның шамасын көрсетеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

4. ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ ШЫҒЫС

мың теңге	2025 жыл	2024 жыл
Тиімді мөлшерлеме әдісі қолданыла отырып есептелген пайыздық кіріс		
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР**

31. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ, ЖАЛҒАСЫ**Нарықтық тәуекел, жалғасы*****Валюталық тәуекел, жалғасы***

Топ басшылығы 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасындағы ағымдағы экономикалық жағдайды ескере отырып, теңгенің АҚШ долларына шаққандағы валюта бағамының 5%-ға ауытқуы бағамның өзгеруінің нақты дәлізі деп пайымдайды. Тәуелділікті талдауға кезеңнің соңында қолда бар валюталық позициялар бойынша сома ғана алынған, оларды кезең соңында конвертациялау кезінде 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданыстағы валюта бағамдарымен салыстырғанда әрбір валютаны нығайту және әлсірету сценарийлерімен берілген бағамдар пайдаланылады.

Төмендегі кестеде көрсетілгендей, 2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мына валюталарға қатысты теңге бағамының нығаюы және төмендеуі капиталдың төменде сипатталған өсуіне (азаюына) себеп болар еді. Бұл талдау Топтың пікірі бойынша есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша мүмкін болатын валюта бағамдарының өзгеруіне негізделген. Талдау барлық басқа айнымалылар, әсіресе пайыздық мөлшерлемелер өзгеріссіз қалады дегенді көрсетті.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

31. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ, ЖАЛҒАСЫ

Нарықтық тәуекел, жалғасы Валюталық тәуекел, жалғасы

мың теңге	Капитал 2025 жылғы 31 желтоқсан	Капитал 2024 жылғы 31 желтоқсан
		(+5%/-5%)
АҚШ доллары бағамының теңгеге қатысты өсуі	255,468,842	335,398,791
АҚШ доллары бағамының теңгеге қатысты төмендеуі	(255,468,842)	(335,398,791)
Еуро бағамының теңгеге қатысты өсуі	43,795,838	44,110,505
Еуро бағамының теңгеге қатысты төмендеуі	(43,795,838)	(44,110,505)
алтын троя унциясы бағамының теңгеге қатысты өсуі	1,206,149,407	629,742,564
алтын троя унциясы бағамының теңгеге қатысты төмендеуі	(1,206,149,407)	(629,742,564)
жапон йені бағамының теңгеге қатысты өсуі	1,046,504	17,535,203
жапон йені бағамының теңгеге қатысты төмендеуі	(1,046,504)	(17,535,203)
фунт стерлинг бағамының теңгеге қатысты өсуі	28,334,382	30,675,329
фунт стерлинг бағамының теңгеге қатысты төмендеуі	(28,334,382)	(30,675,329)
АҚҚ бағамының теңгеге қатысты өсуі	7,886,260	7,570,374
АҚҚ бағамының теңгеге қатысты төмендеуі	(7,886,260)	(7,570,374)
басқа валюталар бағамының теңгеге қатысты өсуі	47,675,029	42,152,750
басқа валюталар бағамының теңгеге қатысты төмендеуі	(47,675,029)	(42,152,750)

Тәуелділікті талдаудың шектеулері

Жоғарыдағы кестелерде теңге бағамының өзгеруі туралы негізгі болжамда қаржы құралдары құнының өзгеруінің әсері басқа тең жағдайларда көрсетілген. Шындығында, болжам бар фактор мен талдауда ескерілмеген басқа факторлар арасында байланыс болуы мүмкін. Сонымен қатар тәуелділіктің бағаланған көрсеткіштері жүйелі емес, сондықтан көп немесе аз әсерлерді осы нәтижелердің негізінде интерполяциялауға немесе экстраполяциялауға болмайды.

Жоғарыдағы тәуелділікті талдаудағы басқа шектеулерге Топтың нарықтағы алдағы өзгерістер туралы күтулеріне негізделген ықтимал тәуекелді ашу мақсатында нарықтағы гипотетикалық өзгерістерді пайдалану кіреді, оларды қандай да бір сенімділікпен болжау мүмкін емес.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

31. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ, ЖАЛҒАСЫ

Нарықтық тәуекел, жалғасы

Басқа да баға тәуекелдері

Басқа да баға тәуекелдері – мұндай өзгерістер белгілі бір құралға немесе оның эмитентіне тән факторларға немесе нарықтағы айналыстағы барлық ұқсас қаржы құралдарына әсер ететін факторларға байланысты болғанына қарамастан, нарықтық бағалардың өзгеруі (пайыздық мөлшерлеменің немесе валюталық тәуекелдің өзгеру тәуекелінің әсерінен туындаған өзгерістерден басқа) нәтижесінде қаржы құралы бойынша әділ құнның немесе болашақ ақша қаражаты ағынының ауытқу тәуекелдері. Басқа да баға тәуекелдері Топ қаржы құралы бойынша ұзақ немесе қысқа позициясы болған кезде пайда болады.

Таза пайда немесе шығын мен капиталдың жоғарыда көрсетілмеген бағалы қағаздар баға белгілеуінің өзгеруіне тәуелділігін талдау (2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданыстағы позициялар және барлық бағалы қағаздардың баға белгілеулерінің 5% төмендеуінің немесе өсуінің жеңілдетілген сценарийі негізінде жасалған) мынадай түрде ұсынылуы мүмкін.

	2025 жыл		2024 жыл	
	Пайда немесе шығын мың теңге	Меншікті капитал мың теңге	Пайда немесе шығын мың теңге	Меншікті капитал мың теңге
Бағалы қағаздар құнының 5% өсуі	84,256,284	146,738,850	75,021,517	117,750,394
Бағалы қағаздар құнының 5% төмендеуі	(84,256,284)	(146,738,850)	(75,021,517)	(117,750,394)

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – бұл қарыз алушының, эмитенттің және/немесе Топ контрагентінің міндеттемелерді орындамауынан туындайтын қаржылық шығын тәуекелі. Топ кредиттік тәуекелді шоғырландыру лимиттерін белгілеу және сақтау жөніндегі талаптарды қамтитын бекітілген саясаттар мен рәсімдерді қолдану арқылы, сондай-ақ функцияларына инвестициялық шешімдерді әзірлеу кіретін Инвестициялық комитеттің, Тәуекелдер жөніндегі комитеттің ұсынымдарын іске асыру арқылы кредиттік тәуекелді (танылған қаржылық активтер және танылмаған шарттағы міндеттемелер бойынша) басқарады. Кредиттік тәуекелді басқару әдістемесін Басқарма қарайды және бекітеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

31. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ, ЖАЛҒАСЫ

Кредиттік тәуекел, жалғасы

ҚҰБ-ның кредиттік тәуекелдерді басқару саясаты:

- ҚҰБ контрагенттері, клирингтік брокерлері және кастодиандары бойынша тәуекелдің ең жоғары лимитін есептеу және белгілеу әдіснамасын;
- Топтың контрагенттері, клирингтік брокерлері және кастодиандары бойынша тәуекел лимитіне тұрақты мониторинг жүргізу және қайта қарау рәсімдерін белгілейді.

Монетарлық операциялар бөлімшесі халықаралық рейтингтік агенттіктердің деректерін пайдалана отырып, қаржылық көрсеткіштер мен қаржылық жағдай коэффициенттерін талдауға сүйене отырып, ҚҰБ-ның бекітілген контрәріптестерінің тізбесіне енгізу үшін ұсынылатын жаңа контрәріптестер туралы ақпарат дайындайды. Осы есеп негізінде Инвестициялық комитет жаңа контрәріптесті бекітеді.

ҚҰБ-ның монетарлық операциялар бөлімшесі әрбір жеке контрәріптес, клирингтік брокер және кастодиан үшін белгіленген лимитке күнделікті мониторинг жүргізеді. Жекелеген контрәріптестерді талдаудан басқа, монетарлық операциялар бөлімшесі қаржы құралдарының кредиттік рейтингтерінің белгіленген шектеулер мен лимиттерге сәйкестігі тұрғысынан мониторинг жүргізеді.

Кредиттік тәуекел («ҚОҚ» АҚ)

Кредиттік тәуекел – «ҚОҚ» АҚ бизнесі үшін мейлінше маңызды тәуекел. Сондықтан басшылық кредиттік тәуекелді басқаруға ерекше назар аударады.

Тәуекелдерді басқару мақсаты үшін кредиттік тәуекелді бағалау күрделі процесті білдіріп, модельдерді пайдалануды қажет етеді, өйткені тәуекел нарықтық жағдайларға, күтілетін ақша ағынына байланысты және уақыт өте келе өзгереді. Активтердің портфелі бойынша кредиттік тәуекелді бағалау дефолт басталу ықтималдығына, тиісті залал коэффициенттеріне және контрагенттер арасындағы дефолт корреляциясына қатысты қосымша бағалауды қажет етеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

31. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ, ЖАЛҒАСЫ

Кредиттік тәуекел, жалғасы

Кредиттік тәуекел («ҚОҚ» АҚ), жалғасы

Кредиттік тәуекелді бағалау және кредиттік тәуекел деңгейі бойынша қаржы құралдарын жіктеу мақсаты үшін «ҚОҚ» АҚ сыртқы халықаралық рейтингтік агенттіктердің (Standard & Poor's «S&P», Fitch, Moody's) рейтингтері жүйелері негізінде тәуекел деңгейлерін бағалауды пайдаланады. Сыртқы рейтингтерді контрагенттерге S&P, Moody's және Fitch сияқты тәуелсіз халықаралық рейтингтік агенттіктер береді. Мұндай рейтингтер мен дефолт ықтималдығының тиісті диапазондары мынадай қаржы құралдары: ақша қаражаты пен оның баламалары, амортизацияланған құн бойынша депозиттер, борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар, сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптар және басқа да қаржылық активтер үшін қолданылады.

Кредиттік тәуекел («ҚДКҚ» АҚ)

Тәуекелдерді басқару мақсатында кредиттік тәуекелді бағалау күрделі процесс болып табылады және модельдерді қолдануды қажет етеді, өйткені тәуекел нарықтық жағдайларға, күтілетін ақша ағынына байланысты және уақыт өте келе өзгереді. Активтер портфелі бойынша кредиттік тәуекелді және кепілдік беру шарттарын бағалау дефолттың басталу ықтималдығына, тиісті шығындылық коэффициенттеріне және контрагенттер арасындағы дефолт корреляциясына қатысты қосымша бағалауды қажет етеді.

«ҚДКҚ» АҚ амортизацияланған құны бойынша және әділ құны бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы бағаланатын борыштық құралдарға байланысты күтілетін кредиттік шығынды бағалайды. Бағалы қағаздарға және РЕПО операцияларына орналастырылған қаржылық активтерде халықаралық рейтингтік агенттіктердің (Fitch Ratings, Moody's Investors Service, Standard & Poor's) сыртқы рейтингтері берілетін контрагенттердің қаржылық активтері болады.

Есепті күндегі жағдай бойынша қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелеріне қатысты кредиттік тәуекелге ұшыраудың ең жоғары деңгейі мынадай түрде көрсетілуі мүмкін:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

31. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ, ЖАЛҒАСЫ

Кредиттік тәуекел, жалғасы

мың теңге	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР		
Ақша қаражаты және олардың баламалары		
Шетелдік және қазақстандық банктердегі «ностро» түріндегі шоттар	1,559,235,376	3,336,603,574
«Кері РЕПО» мәмілелері және бастапқы өтеу мерзімі үш айдан кем шетелдік банктердегі депозиттер	131,843,914	121,262,443
Кассадағы шетел валютасындағы ақша қаражаты	147,224,035	152,490,251
Алтын		
Шетелдік банктердегі шоттар мен депозиттердегі алтын	7,919,776,818	6,149,939,002
Банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы қарыз және депозиттер		
Шетел банктеріндегі және қаржы институттарындағы басқа да шоттар	868,101,945	877,007,565
Банктердегі депозиттер	20,777,964	22,248,342
Берілген қарыз	1,244,283,550	1,412,982,750
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары		
Жеке капитал қорлары	1,147,452,341	1,011,766,897
Хедж-қорлар	366,297,753	337,992,502
Жылжымайтын мүлік қорлары	141,128,340	121,984,040
Басқа да қорларға инвестициялар	30,247,255	28,686,903
Туынды активтер	1,134,455	5,690,114
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар		
Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік облигациялары	4,657,517,898	5,387,907,744
Халықаралық компаниялардың корпоративтік облигациялары	1,418,825,031	1,303,667,049
Халықаралық мемлекеттік және мемлекеттік емес қаржы ұйымдарының облигациялары	1,037,315,844	584,242,615
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық облигациялары	1,093,190,586	1,490,071,633
Қазақстандық эмитенттердің корпоративтік облигациялары	139,093,708	128,337,076
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар		
Шетелдік эмитенттердің бағалы қағаздарына инвестициялар	119,730,202	117,588,145
Қазақстандық эмитенттердің бағалы қағаздарына инвестициялар	203,857,820	201,571,567
Басқа да қаржылық активтер		
Сатып алынған қарыздар бойынша талаптар	1,053,098,275	1,095,672,301
Басқа да дебиторлық берешек	60,713,938	37,810,415
МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
Шартты міндеттемелер (32-ескертпе)	725,890,948	524,177,881
Барлық кредиттік тәуекелдің ең жоғары деңгейі	24,086,737,996	24,449,700,809

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

31. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ, ЖАЛҒАСЫ**Кредиттік тәуекел, жалғасы*****АВА өтімділік портфелінің кредиттік тәуекелі***

Кредиттік тәуекелдерді азайту мақсатында АВА өтімділік портфелі халықаралық рейтингтік агенттіктердің ең төменгі кредиттік рейтингін айқындай отырып, қаржы құралдарына инвестицияланады.

Өтімділік портфелінің активтері қолма-қол валютаға, А- (Standard & Poor's) және/немесе А3 (Moody's) төмен емес кредиттік рейтингі бар елдердің мемлекеттік (тәуелсіз) борыштық міндеттемелеріне, агенттік борыштық міндеттемелерге, кредиттік рейтингі ААА (Standard & Poor's) және/немесе Аaa (Moody's) төмен емес халықаралық қаржы ұйымдарының борыштық міндеттемелеріне, кредиттік рейтингі А- (Standard & Poor's) және/немесе А3 (Moody's) төмен емес елдердің өңірлік (муниципалдық) борыштық міндеттемелеріне, Халықаралық есеп айырысу банкінің (Bank for International Settlements) борыштық міндеттемелеріне, депозиттік сертификаттарға (CD), қысқа мерзімді кредиттік рейтингі А-1 (Standard & Poor's) және/немесе Р-1 (Moody's) төмен емес коммерциялық қағаздарға (CP), депозиттерге, валюталық міндеттемелерді хеджирлеу шеңберінде 1 (бір) айға дейінгі мерзіммен еркін конвертацияланатын валютадағы форвард мәмілелеріне инвестицияланады.

АВА инвестициялық портфелінің кредиттік тәуекелі

Инвестициялық портфель активтерінің ең төменгі кредиттік рейтингі А- (Standard&Poor's)/ А3 (Moody's) деңгейіне немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің ұқсас кредиттік рейтингіне сәйкес келеді. Инвестициялық портфель активтері үшін екі немесе одан да көп кредиттік рейтингтер болған кезде олардың ең кішісі ең төменгі кредиттік рейтинг ретінде айқындалады.

Акцияларды қоспағанда, стратегиялық портфель активтерінің ең төменгі кредиттік рейтингі ВВ (Standard&Poor's)/ Ba2 (Moody's) деңгейіне немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің ұқсас кредиттік рейтингіне сәйкес келеді. Стратегиялық портфель активтері үшін екі немесе одан да көп кредиттік рейтингтер болған кезде олардың ең кішісі ең төменгі кредиттік рейтинг ретінде айқындалады. Корпоративтік облигациялар портфеліндегі ВВ (Standard & Poor's)/Ba2 (Moody's) кредиттік рейтингі немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің ұқсас кредиттік рейтингі бар бағалы қағаздардың үлесі жаһандық корпоративтік бағалы қағаздар мандаты үшін эталондық портфельдегі ВВ (Standard & Poor's)/Ba2 (Moody's) кредиттік рейтингі бар бағалы қағаздардың үлесінің 1 (бір) пайызынан аспайды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

31. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ, ЖАЛҒАСЫ**Кредиттік тәуекел, жалғасы*****АВА дамушы нарықтар портфелінің кредиттік тәуекелі***

Портфель активтері ең төменгі кредиттік рейтингі ВВ (Standard&Poor's)/Ba2 (Moody's) және одан жоғары құралдарға инвестицияланады.

Есепті күндегі жағдай бойынша қаржылық активтерге қатысты кредиттік тәуекелге ұшыраудың ең жоғары деңгейі 13, 14, 15, 17 және 18-ескертпелерде ұсынылған.

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді өзара есепке алу

Бұдан әрі кестелерде ұсынылған ақпаратты ашу қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер туралы ақпаратты қамтиды, олар:

- Топтың қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есепте өзара есепке алынады; немесе
- қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте өзара есепке алынғанына қарамастан, заңды түрде жарамды өзара есеп айырысу туралы бас келісімнің немесе ұқсас қаржы құралдарына қолданылатын ұқсас келісімдердің мәні болып табылады.

Ұқсас келісімдер туынды құралдардың клирингі туралы келісімдерді, «РЕПО» мәмілелеріне арналған жаһандық бас келісімдерді және бағалы қағаздарды қарызға беру туралы жаһандық бас келісімдерді қамтиды. Ұқсас қаржы құралдары туынды құралдар, «РЕПО» мәмілелері, «кері РЕПО» мәмілелері, бағалы қағаздарды қарызға алу және қарызға беру туралы келісімдер болып саналады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

31. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ, ЖАЛҒАСЫ

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді өзара есепке алу, жалғасы

Топтың биржада жүзеге асырылмайтын туынды құралдарымен операциялар Халықаралық СВОПтар мен туынды құралдар бойынша дилерлер қауымдастығы (ISDA) әзірлеген бас келісімдерге сәйкес жүргізіледі. Негізінен, осы келісімдерге сәйкес, бір валютадағы аяқталмаған операцияларға қатысты әрбір контрагент белгілі бір күні төлейтін сома бір тараптың екінші тарапқа төлейтін бірыңғай таза соманы құрайды. Белгілі бір жағдайларда, мысалы, дефолт сияқты кредиттік оқиға болған кезде, барлық аяқталмаған операциялар келісімге сәйкес тоқтатылады, тоқтату кезіндегі құны бағаланады және есептік операцияларда тек жалғыз таза сома төленеді немесе төленуге тиіс.

«РЕПО» мәмілелері, «кері РЕПО» мәмілелері, ҚҰБ-ның бағалы қағаздарын қарызға алу және қарызға беру туралы келісімдер РЕПО мәмілелері (ISMA) бойынша бас келісімдердің немесе Қазақстан қор биржасына мүшелік шарттарының мәні болып табылады.

Бұрын көрсетілген Халықаралық СВОП және туынды құралдар дилерлері қауымдастығы (ISDA) әзірлеген бас келісімдер және оларға ұқсас өзара есепке алу туралы бас келісімдер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте өзара есепке алу өлшемшарттарына сәйкес келмейді. Себебі, олар Топтың немесе оның контрәріптестерінің дефолты, төлем қабілетсіздігі немесе банкроттығы жағдайында ғана заңды түрде жарамды болатын, танылған соманы өзара есепке алу құқығын жасайды. Сонымен қатар, Топ пен оның контрәріптестері берешекті өзара есепке алу арқылы реттеуге немесе активті іске асырып, міндеттемені бір уақытта орындауға ұмтылмайды.

Топ «РЕПО» мәмілелеріне және «кері РЕПО» мәмілелеріне қатысты нарықта айналыстағы бағалы қағаздар түрінде қамтамасыз етуді ұсынады және қабылдайды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

31. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ, ЖАЛҒАСЫ

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді өзара есепке алу, жалғасы

Бұдан әрі кестеде 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өзара есеп айырысу туралы заңды күші бар бас келісімдердің және осыған ұқсас келісімдердің мәні болып табылатын қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер көрсетілген.

мың теңге Қаржылық активтердің/қаржылық міндеттемелердің түрлері	Танылған қаржылық активтердің / қаржылық міндеттемелердің толық сомасы	Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылғ ан есепте өзара есепке алынған танылған қаржылық активтердің/ қаржылық міндеттемелердің толық сомасы		Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте өзара есепке алынбаған сома		
		Қаржылық жағдай туралы шоғырланды- рылған есепте қаржылық активтердің/ қаржылық міндеттемелердің таза сомасы	Қаржылық жағдай туралы шоғырланды- рылған есепте қаржылық активтердің/ қаржылық міндеттемелердің таза сомасы	Қаржы	Алынған ақшалай	Таза сома
				құралдары	қамтама- сыз ету	
«Кері РЕПО» мәмілелері	108,506,285	-	108,506,285	(136,535,353)	-	(28,029,068)
Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары	1,134,455	-	1,134,455	(1,134,455)	-	-
Барлық қаржылық активтер	109,640,740	-	109,640,740	(137,669,808)	-	(28,029,068)
Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары	(1,312,361)	-	(1,312,361)	1,312,361	-	-
Барлық қаржылық міндеттемелер	(1,312,361)	-	(1,312,361)	1,312,361	-	-

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

31. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ, ЖАЛҒАСЫ

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді өзара есепке алу, жалғасы

Бұдан әрі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өзара есеп айырысу туралы заңды күші бар бас келісімдердің және осыған ұқсас келісімдердің мәні болып табылатын қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер көрсетілген.

мың теңге Қаржылық активтердің/қаржылық міндеттемелердің түрлері	Танылған қаржылық активтердің / қаржылық міндеттемелердің толық сомасы	Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылғ ан есепте өзара есепке алынған танылған қаржылық активтердің / қаржылық міндеттемелердің толық сомасы	Қаржылық жағдай туралы шоғырланды- рылған есепте қаржылық активтердің / қаржылық міндеттемелердің таза сомасы	Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте өзара есепке алынбаған сома		
				Қаржы құралдары	Алынған ақшалай қамтама- сыз ету	Таза сома
«Кері РЕПО» мәмілелері	99,433,907	-	99,433,907	(100,893,971)	-	(1,460,064)
Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары	5,690,114	-	5,690,114	(5,690,114)	-	-
Барлық қаржылық активтер	105,124,021		105,124,021	(106,584,085)		(1,460,064)
Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары	(3,639,965)	-	(3,639,965)	3,639,965	-	-
Барлық қаржылық міндеттемелер	(3,639,965)	-	(3,639,965)	3,639,965	-	-

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

31. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ, ЖАЛҒАСЫ

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді өзара есепке алу, жалғасы

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ұсынылған және бұрын келтірілген кестелерде ашылған қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің толық сомасы және олардың таза сомасы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте мынадай негізде бағаланады:

- «РЕПО» және «кері РЕПО» мәмілелерінің нәтижесінде туындайтын активтер мен міндеттемелер – амортизацияланған құн.

Бұдан әрі кестеде бұрын ұсынылғандай, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ұсынылған қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің таза сомасын және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ұсынылған көрсеткіштерді салыстыру ұсынылған.

Қаржылық активтердің/қаржылық міндеттемелердің түрлері	Таза сома мың теңге	Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі көрсеткіштің атауы	Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі баланстық құн мың теңге	Өзара есеп айырысу туралы ақпаратты ашу нысанасы болып табылмайтын қаржылық актив/қаржылық міндеттеме мың теңге	Ескертпе
«Кері РЕПО» мәмілелері	108,506,285	Ақша қаражаты және оның баламалары	108,506,285	-	13
Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары	1,134,455	Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары	1,686,260,144	1,685,125,689	16
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	-	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	9,595,594,371	9,595,594,371	17
Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары	(1,312,361)	Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары	(1,312,361)	-	16

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

31. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ, ЖАЛҒАСЫ

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді өзара есепке алу, жалғасы

Бұдан әрі кестеде бұрын ұсынылғандай, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ұсынылған қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің таза сомасын және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ұсынылған көрсеткіштерді салыстыру ұсынылған.

Қаржылық активтердің/қаржылық міндеттемелердің түрлері	Таза сома мың теңге	Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі көрсеткіштің атауы	Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі баланстық күн мың теңге	Өзара есеп айырысу туралы ақпаратты ашу мәні болып табылмайтын қаржылық актив/қаржылық міндеттеме мың теңге	Ескертпе
«Кері РЕПО» мәмілелері	99,433,907	Ақша қаражаты және оның баламалары	99,433,907	-	13
Пайда немесе шығын арқылы әділ күн бойынша бағаланатын қаржы құралдары	5,690,114	Пайда немесе шығын арқылы әділ күн бойынша бағаланатын қаржы құралдары	1,506,120,456	1,500,430,342	16
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ күн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	-	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ күн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	9,748,803,661	9,748,803,661	17
Пайда немесе шығын арқылы әділ күн бойынша бағаланатын қаржы құралдары	(3,639,965)	Пайда немесе шығын арқылы әділ күн бойынша бағаланатын қаржы құралдары	(3,639,965)	-	16

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

31. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ, ЖАЛҒАСЫ**Өтімділік тәуекелі**

Өтімділік тәуекелі – бұл Топтың өз міндеттемелерін орындау үшін ақша қаражаты тартуда қиындықтарға тап болу тәуекелі. Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері сәйкес келмеген кезде пайда болады. Активтер мен міндеттемелердің өтеу мерзімі мен пайыздық мөлшерлемелері бойынша сәйкестік және/немесе бақыланатын сәйкессіздік өтімділік тәуекелін басқаруда маңызды болып табылады. Жүргізілетін операциялардың алуан түрлілігіне және соған байланысты белгісіздікке байланысты активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерінің толық сәйкес келуі қаржы институттары үшін қалыпты тәжірибе емес, бұл операциялардың пайдалылығын арттыруға мүмкіндік береді, бірақ шығынға ұшырау тәуекелі артады.

Топ барлық міндеттемелерді өтеу мерзімдерінің басталуына қарай оларды орындау үшін қажетті ақша қаражатының тұрақты болуын қамтамасыз ету мақсатында өтімділіктің қажетті деңгейін қолдайды. Өтімділікті басқару саясатын Басқарма қарайды және бекітеді.

ҚҰБ-ның эмиссиялық банк екенін ескертін болсақ (ұлттық валюта – теңгені эмиссиялайды), ұлттық валютадағы міндеттемелердің орындалмау тәуекелі төмен және өтімділік тәуекелі негізінен ҚҰБ-ның шетел валютасындағы қаржылық міндеттемелерді орындауына қатысты туындайды.

Төмендегі кестелерде шарттарда белгіленген өтеу мерзімі ерте басталатын қаржылық міндеттемелер бойынша дисконтталмаған ақша қаражаты ағыны көрсетілген. Осы кестелерде көрсетілген ақша қаражаты ағынының түсуі және оны шығынға жазудың жиынтық шамасы қаржылық міндеттемелер бойынша ақша қаражатының шарттық дисконтталмаған ағыны болып табылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

31. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ, ЖАЛҒАСЫ

Өтімділік тәуекелі, жалғасы

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық міндеттемелер бойынша өтеу мерзімдері бойынша талдау мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

	Талап етілгенге дейін 1 айдан аз	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	1 жылдан астам	Салық салуға дейінгі ақша қаражаты ағынын шығынға жазу/ (түсу) шамасы	Баланстық құн
мың тенге							
Туынды емес қаржылық міндеттемелер							
Айналыстағы ақша	5,248,470,355	-	-	-	-	5,248,470,355	5,248,470,355
Айналыстағы цифрлық теңге	23,225,458	-	-	-	-	23,225,458	23,225,458
Банктер мен басқа да қаржы институттарының шоттары мен депозиттері	12,119,258,906	106,852,893	-	160,284,842	5,193,200	12,391,589,841	12,375,000,964
Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ағымдағы шоттары	128,127,150	-	-	-	-	128,127,150	128,127,150
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ағымдағы шоттары	1,954,433,795	-	-	-	-	1,954,433,795	1,954,020,146
Клиенттердің шоттары	339,259,936	-	-	-	-	339,259,936	339,259,936
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	614,688,498	83,194,398	82,135,293	213,219,760	944,459,914	1,937,697,863	1,584,377,388
Басқа да қаржылық міндеттемелер	101,005,395	-	-	-	854,097,911	955,103,306	955,103,306
Туынды міндеттемелер							
- Түсім	(35,429,422)	(193,827,605)	-	-	-	(229,257,027)	-
- Шығынға жазу	35,891,409	194,677,979	-	-	-	230,569,388	1,312,361
Барлық қаржылық міндеттемелер	20,528,931,480	190,897,665	82,135,293	373,504,602	1,803,751,025	22,979,220,065	22,608,897,064
Кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелер	725,890,948	-	-	-	-	725,890,948	725,890,948

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

31. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ, ЖАЛҒАСЫ

Өтімділік тәуекелі, жалғасы

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық міндеттемелер бойынша өтеу мерзімдері бойынша талдау мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

мың теңге	Талап етілгенге дейін 1 айдан аз	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	1 жылдан астам	Салық салуға дейінгі ақша қаражаты ағынын шығынға жазу/ (түсу) шамасы	Баланстық құн
Туынды емес қаржылық міндеттемелер							
Айналыстағы ақша	4,733,663,281	-	-	-	-	4,733,663,281	4,733,663,281
Айналыстағы цифрлық теңге	129,109,492	-	-	-	-	129,109,492	129,109,492
Банктер мен басқа да қаржы институттарының шоттары мен депозиттері	10,260,801,151	731,726	85,710,436	399,897,506	396,684	10,747,537,503	10,726,283,685
Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ағымдағы шоттары	191,867,517	-	-	-	-	191,867,517	191,867,517
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ағымдағы шоттары	2,237,061,653	-	-	-	-	2,237,061,653	2,236,600,133
Клиенттердің шоттары	469,362,161	-	-	-	-	469,362,161	469,362,161
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	502,933,940	65,228,943	87,971,147	319,203,600	1,027,574,129	2,002,911,759	1,602,796,299
Басқа да қаржылық міндеттемелер	40,395,882	-	-	-	770,775,970	811,171,852	811,171,852
Туынды міндеттемелер							
- Түсім	(349,877,051)	(146,090,993)	-	-	-	(495,968,044)	
- Шығынға жазу	352,656,959	146,951,050	-	-	-	499,608,009	3,639,965
Барлық қаржылық міндеттемелер	18,567,974,985	66,820,726	173,681,583	719,101,106	1,798,746,783	21,326,325,183	20,904,494,385
Кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелер	524,177,881	-	-	-	-	524,177,881	524,177,881

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

31. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ, ЖАЛҒАСЫ**Өтімділік тәуекелі, жалғасы**

Бұрын келтірілген кестелерде көрсетілген салық салуға дейінгі ақша қаражаты ағынының шығынға жазылу/(түсу) номиналды шамалары тәуекелдерді басқару үшін пайдаланылатын туынды міндеттемелерге қатысты шарттық дисконтталмаған ақша қаражаты ағыны болып табылады. Ұсынылған деректер есептеулері нетто-шамада жүзеге асырылатын туынды құралдардың таза құнын және есептеулері бір мезгілде толық сомада жүзеге асырылатын туынды міндеттемелерге қатысты ақша қаражаты ағынының түсу және шығынға жазылу шамаларын (мысалы, валюталық форвардтық келісімшарттар және «СВОП» үлгісіндегі валюталық мәмілелер) көрсетеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

31. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ, ЖАЛҒАСЫ

Өтімділік тәуекелі, жалғасы

Төмендегі кестеде 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген сомаға (күтілетін келісімшарттық өтеу мерзімі бойынша) талдау ұсынылған:

мың теңге	1 айдан аз талап етілгенге дейін	1-ден 3 айға дейін	3-тен 12 айға дейін	1-ден 5 жылға дейін	5 жылдан астам	Өтеу мерзімі жоқ	Барлығы
АКТИВТЕР							
Ақша қаражаты және олардың баламалары	1,838,303,325	-	-	-	-	-	1,838,303,325
ҚҰБ және шетелдік банктердің сақтау орындарындағы құймалардағы алтын	-	-	-	-	-	16,203,211,313	16,203,211,313
Шетелдік банктердегі шоттардағы және депозиттердегі алтын	7,178,200,427	240,132,819	501,443,572	-	-	-	7,919,776,818
Банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы қарыздар және депозиттер	868,101,945	35,711,253	38,806,716	286,821,596	903,721,949	-	2,133,163,459
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	355,260	779,195	-	396,545,008	1,288,580,681	-	1,686,260,144
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	74,954,606	177,822,724	473,398,118	6,109,007,465	1,511,187,167	1,249,224,291	9,595,594,371
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	3,102,826	1,195,021	26,745,874	141,285,887	151,258,414	-	323,588,022
Қауымдасқан ұйымдарға инвестициялар	-	-	-	-	-	18,428,262	18,428,262
Басқа да қаржылық активтер	61,003,814	8,442,238	39,085,218	236,904,440	768,376,503	-	1,113,812,213
Активтердің барлығы	10,024,022,203	464,083,250	1,079,479,498	7,170,564,396	4,623,124,714	17,470,863,866	40,832,137,927

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

31. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ, ЖАЛҒАСЫ

Өтімділік тәуекелі, жалғасы

мың теңге	Талап етілгенге дейін 1 айдан аз	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан астам	Өтеу мерзімі жоқ	Барлығы
МІНДЕТТЕМЕЛЕР							
Айналыстағы ақша	5,248,470,355	-	-	-	-	-	5,248,470,355
Айналыстағы цифрлық теңге	23,225,458	-	-	-	-	-	23,225,458
Банктер мен басқа да қаржы институттарының шоттары мен депозиттері	12,103,685,939	107,878,024	158,243,801	-	5,193,200	-	12,375,000,964
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	461,987	850,374	-	-	-	-	1,312,361
Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ағымдағы шоттары	128,127,150	-	-	-	-	-	128,127,150
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ағымдағы шоттары	1,954,020,146	-	-	-	-	-	1,954,020,146
Клиенттердің шоттары	339,259,936	-	-	-	-	-	339,259,936
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	613,042,400	80,745,573	267,250,111	403,085,106	220,254,198	-	1,584,377,388
Бағалау міндеттемелері	58,371,016	-	-	-	-	-	58,371,016
Басқа да қаржылық міндеттемелер	101,005,395	-	-	180,880,286	673,217,625	-	955,103,306
Барлық міндеттемелер	20,569,669,782	189,473,971	425,493,912	583,965,392	898,665,023	-	22,667,268,080
Таза позиция	(10,545,647,579)	274,609,279	653,985,586	6,586,599,004	3,724,459,691	17,470,863,866	18,164,869,847

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

31. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ, ЖАЛҒАСЫ

Өтімділік тәуекелі, жалғасы

Келесі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген сомаға талдау (күтілетін келісімшарттық өтеу мерзімдері бөлігінде) ұсынылған:

мың теңге	1 айдан аз талап етілгенге дейін	1-ден 3 айға дейін	3-тен 12 айға дейін	1-ден 5 жылға дейін	5 жылдан астам	Өтеу мерзімі жоқ	Барлығы
АКТИВТЕР							
Ақша қаражаты және олардың баламалары	3,610,356,268	-	-	-	-	-	3,610,356,268
ҚҰБ және шетелдік банктердің сақтау орындарындағы кұймалардағы алтын	-	-	-	-	-	6,444,912,285	6,444,912,285
Шетелдік банктердегі шоттардағы және депозиттердегі алтын	4,915,366,116	473,129,287	761,443,599	-	-	-	6,149,939,002
Банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы қарыздар және депозиттер	877,007,565	-	24,992,652	73,320,530	1,336,917,910	-	2,312,238,657
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	5,672,439	17,675	-	366,679,405	1,133,750,937	-	1,506,120,456
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	311,136,631	375,107,291	476,663,325	6,072,816,717	1,658,909,940	854,169,757	9,748,803,661
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	4,196,111	-	38,274,633	74,450,572	202,238,396	-	319,159,712
Қауымдасқан ұйымдарға инвестициялар	-	-	-	-	-	20,724,353	20,724,353
Басқа да қаржылық активтер	37,385,229	8,471,874	39,171,401	240,502,656	807,951,556	-	1,133,482,716
Активтердің барлығы	9,761,120,359	856,726,127	1,340,545,610	6,827,769,880	5,139,768,739	7,319,806,395	31,245,737,110

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

31. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ, ЖАЛҒАСЫ

Өтімділік тәуекелі, жалғасы

мың теңге	Талап етілгенге дейін 1 айдан аз	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан астам	Өтеу мерзімі жоқ	Барлығы
МІНДЕТТЕМЕЛЕР							
Айналыстағы ақша	4,733,663,281	-	-	-	-	-	4,733,663,281
Айналыстағы цифрлық теңге	129,109,492	-	-	-	-	-	129,109,492
Банктер мен басқа да қаржы институттарының шоттары мен депозиттері	10,237,942,416	95,735,566	392,209,019	-	396,684	-	10,726,283,685
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	2,789,528	850,437	-	-	-	-	3,639,965
Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ағымдағы шоттары	191,867,517	-	-	-	-	-	191,867,517
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ағымдағы шоттары	2,236,600,133	-	-	-	-	-	2,236,600,133
Клиенттердің шоттары	469,362,161	-	-	-	-	-	469,362,161
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	502,619,276	64,053,803	371,808,032	391,385,757	272,929,431	-	1,602,796,299
Бағалау міндеттемелері	55,921,437	-	-	-	-	-	55,921,437
Басқа да қаржылық міндеттемелер	40,395,882	-	-	170,229,732	600,546,238	-	811,171,852
Барлық міндеттемелер	18,600,271,123	160,639,806	764,017,051	561,615,489	873,872,353	-	20,960,415,822
Таза позиция	(8,839,150,764)	696,086,321	576,528,559	6,266,154,391	4,265,896,386	7,319,806,395	10,285,321,288

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

31. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ, ЖАЛҒАСЫ**Өтімділік тәуекелі, жалғасы**

Жеке капитал және жылжымайтын мүлік қорларының жұмыс істеу ұзақтығы – 10-15 жыл аралығы (және/немесе қорлардың орташа есеппен жұмыс істеуі 12 жылды құрайды). Орташа алғандағы инвестициялық кезең – 5 жыл. Хедж-қорлардың орташа жұмыс істеу ұзақтығы жоқ, өйткені хедж-қорлардың жұмыс істеу циклі жоқ. Хедж-қорлардың орташа инвестициялық кезеңі мерзімсіз. Топ ақша қаражатын хедж-қорлардың, жеке капитал және жылжымайтын мүлік қорларының инвестицияларды іске асыруына қарай алады. Ұлттық қордың міндеттемесі бөлігінде Топқа ұқсас, яғни Ұлттық қор да кез келген уақытта осы қорлардан шыға алмайтын жағдай байқалады.

**32. КРЕДИТТІК ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ СИПАТТАҒЫ
ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР**

Топтың кредиттік ресурстарды ұсыну бойынша міндеттемелері бар. Бұл міндеттемелер мақұлданған кредит, сондай-ақ овердрафт нысанындағы кредиттік ресурстар беруді көздейді.

ҚҰБ банктік кепілдік береді және өз клиенттерінің үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету мақсатында аккредитивтер ашады. Аталған келісімдер лимиттерді белгілейді және әдетте, бес жылға дейінгі қолданыс мерзімі бар.

Кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелердің шартты сомасы бұдан әрі кестеде санаттар бойынша көрсетілген. Кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелерге қатысты кестеде көрсетілген сома аталған шартты міндеттемелердің толық орындалатындығын болжайды. Кепілдіктер мен аккредитивтерге қатысты кестеде көрсетілген сома, егер контрагенттер өз міндеттемелерін шарт талаптарына сәйкес орындай алмаған жағдайда, есепті күнгі жағдай бойынша көрсетілген бухгалтерлік шығынның ең көп шамасын білдіреді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

32. КРЕДИТТІК СИПАТТАҒЫ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР, ЖАЛҒАСЫ

мың теңге	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Шартқа сәйкес сома		
Инвестициялық міндеттемелер	714,878,948	513,165,881
Кредиттерді және кредиттік желілерді беру жөніндегі міндеттемелер	11,000,000	11,000,000
Кепілдіктер мен аккредитивтер	12,000	12,000
Шартты міндеттемелердің барлығы	725,890,948	524,177,881

Кредиттер, кредиттік желілер, кепілдіктер мен аккредитивтер беру бойынша міндеттемелер 1-сатыдегі кредиттік тәуекел болып саналады.

Активтердің баламалы сыныптарына инвестициялық бағдарламаны 2025 жылғы 31 желтоқсанда жеке капитал және жылжымайтын мүлік қорлары алдында 714,878,948 мың теңге мөлшерінде (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 513,165,881 мың теңге) шартты төлем міндеттемесі бар арнаулы мақсаттағы компаниялар және/немесе әріптестік арқылы Топ жүзеге асырады. Бұл шартты міндеттемелер өзгеруі мүмкін.

Кредиттік сипаттағы аталған шартты міндеттемелердің көбі оларды ішінара немесе толық орындағанға дейін тоқтатылуы мүмкін. Оның салдарынан жоғарыда көрсетілген кредиттік сипаттағы келісімді шартты міндеттемелер ақша қаражатының күтілетін әкетілуі бола алмайды.

Топтың төлем міндеттемелерін орындамауы айыппұл санкцияларын есептеуге, оның үлесін азайтуға, құқықтарды шектеуге, қордан мәжбүрлеп шығаруға, берешекті өндіріп алу бойынша заңдық шараларға, сондай-ақ теріс бедел салдарына әкеп соғуы мүмкін. Реттеу шарттың талаптарына және ішкі қағидаларға сәйкес жүргізіледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

33. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Сақтандыру

Қазақстан Республикасында сақтандыру қызметінің нарығы даму сатысында, сондықтан басқа елдерде қолданылатын сақтандыру түрлерінің басым бөлігіне Қазақстан Республикасында әлі де қол жеткізілген жоқ. Топ ғимарттар мен жабдықтарды сақтандыруды, Топтың мүлкін пайдалану нәтижесінде келтірілген мүлдік немесе экологиялық шығынға қатысты үшінші тұлғалардың жауапкершілігіне қатысты немесе Топтың қызметіне қатысты басқа жағдайларда қызметті уақытша тоқтатуды толық көлемде жүзеге асырған жоқ. Топ өз қызметін жеткілікті деңгейде сақтандырмаған кезеңге дейін келтірілген шығын немесе белгіленген активтерден айырылу Топтың қызметі мен қаржы жағдайына едәуір теріс әсер етуі мүмкін деген тәуекел бар.

Аяқталмаған сот талқылаулары

Басшылықтың қандай да болмасын маңызды нақты немесе аяқталмаған сот талқылаулары туралы, сондай-ақ Топқа қарсы қойылуы ықтимал әлеуетті талаптар туралы ақпараты жоқ.

Шартты салықтық міндеттемелер

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ҚҰБ табыс салығы мен қосылған құн салығын төлеуден босатылған. ҚРҰБ-тың еншілес және үлестес ұйымдарына табыс салығы мен қосымша құн салығы бойынша салық салынуға тиіс.

Қазақстан Республикасындағы салық салу жағдайлары өзгерістерге бейім, сондай-ақ бірізді емес қолданылуы мен түсіндірілуі мүмкін. Топ пен қазақстандық уәкілетті органдардың қазақстандық заңдар мен ережелерді түсіндірудегі алшақтықтар қосымша салықтың, айыппұлдар мен өсімпұлдардың есептелуіне әкеп соғуы мүмкін.

Қазақстанның салық заңнамасы мен тәжірибесі үздіксіз даму жағдайында, сондықтан кері әсер етуі мүмкін әртүрлі түсіндірмелер мен жиі өзгерістерге ұшырайды. Салық органдары салық жылы аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде ретроспективті тексеру жүргізе алады.

Топ басшылығы оның тиісті заңнаманы түсіндірулері орынды деп санайды және Топ дау туындаған жағдайда өз ұстанымын қорғай алады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

**34. ҚОРЛАРДЫ БАСҚАРУ, СЕНІМГЕРЛІК БАСҚАРУ БОЙЫНША
ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ КАСТОДИАНДЫҚ ҚЫЗМЕТ****Қорларды басқару және сенімгерлік басқару бойынша қызмет**

ҚҰБ трастық компанияларға, зейнетақы қорларына және басқа ұйымдарға сенімгерлік басқару бойынша қызмет көрсетеді, атап айтқанда активтерді басқарады не алынған қаражатты клиенттің нұсқауларына сәйкес түрлі қаржы құралдарына инвестициялайды.

ҚҰБ осы қызметтерді көрсеткені үшін комиссиялық сыйақы алады. Сенімгерлік басқаруға алынған активтер ҚҰБ-ның активтері болып табылмайды және тиісінше қаржылық жағдайы туралы оның шоғырландырылған қаржылық есебінде көрсетілмейді. ҚҰБ көрсетілген салымдарды жүзеге асыру кезінде көрсетілген инвестицияларға кепілдік бермейтіндіктен кредиттік тәуекелге ұшырамайды.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Ұлттық қордың және «БЖЗҚ» АҚ-ның активтерін қоспағанда, байланысты ұйымдардың тапсырмасы бойынша Топтың басқаруындағы активтердің жалпы сомасы 4,437,069,677 мың теңгені (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 3,515,147,126 мың теңгені) құрады.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың басқаруындағы Ұлттық қордың таза активтерінің сомасы 37,335,632,220 мың теңгені (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 34,730,106,884 мың теңгені) құрады. ҚҰБ инвестициялық саясатына сәйкес көрсетілген активтердің бір бөлігін басқаруды сыртқы басқарушылар жүзеге асырады.

